


Сайлау Көшкенұлы

Қаламдастар қалжыны



Сайлау Көшкенұлы

Қаламдастар қалжыны



Көкшетау, 2021

**ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Каз)
К 69**

**Көшкен Сайлау Көшкенұлы
К 69 Қаламдастар қалжыны / Сайлау Көшкенұлы –
Көкшетау: «Мир печати», ЖК Устюгова Н.Ф., – 2021. – 96 б.**

ISBN 978-601-7618-72-8

Жарты ғасырдай редакция қабыргасында қызмет істеген жылдарымда талай-талай жасы үлкен агалармен де, өзім тетелес күрбій-құрдастарыммен де, ізімізді басқан өкшелес іні-қарындастарыммен де біре жүріп, бірге сәбек еттік. Қыындығы мен қызығы мол журналистік жолда басымыздан бірталай жәйттерді де өткердік, «Ештен кеш жаксы» дегендейін, сәл болса да езу тартқызарлық есте қалған сол оқигалардың біразын оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдім.

**ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Каз)**

ISBN 978-601-7618-72-8

© Көшкен С. К., 2021

МАҚТАҒАНДЫ КІМ ЖЕК ҚӨРГЕН?!

Байқал ақжарқын жігіт. Қашан көрсөн байсалды да моп-момақан қалпы. Еш өзгермейді. Дене бітімі қандай ірі болса, ісі де сондай салмакты. Әрі сөзге де шешен, ақындығы тагы бар. Анау-мынау той домалақта кідірмestен төгіп суырып салып айта береді. Тілі де өткір, қайысты тілген қайшыдай қызып түседі. Тұмысынан талант иесі десе де болады. Талай жердің дәмін татып, суын ішкен бұл ініміз бүтінде республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Ақмола облысы бойынша меншікті тілшісі болып қызмет істейді. Әманда жүзі жарқын, көнілі дарқан, қолы ашық Байекен бірде редакцияга барғанымда өзіме тілдей қағазды ұстата салды. Онда былай деп жазған екен.

Сәкең неткен ер еді,
Тереңнен сөзді тереді.
Тілі қандай шұрайлы,
Оки бергім келеді.
Бәйгеге кітап салдыныз,
Жұлделі орын алдыныз.
50 жыл қалам тербетіп,
Шежіре болып қалдыныз.
Әзілі естен кетпейді,
Ептейді де септейді.
Қаламгерлердің талайы,
Көшкеновке жетпейді...

Ойыны ма, шыны ма, деп оған қарасам, үндемейді. Иштей мырс-мырс етіп, үн-тұңсіз тұр. Тек бар айтқаны: «Қалай осылайша мақтасам, жарайды ма?..»

Тегінде мақтаганды кім жек қөрген!? Шіркін-ай деймін, шын көнілмен мақтаганға не жетсін!..

АДАМ АЗЫП, ЗАМАН ТОЗЫП...

«Кеке, кеке-ау, мен не көрmedі дейсің, тіпті күмұрысқаның илеуін де көрдім» демекші, осы жаска дейін есімдері көпке белгілі талай қаламгер агаларыммен қызметтес болған екенмін. Солардың ішінде алғашқы редакторларымыз, марқұмдар Әміржан Оспановтың, Жанайдар Мусиннің, орынбасарлары бол істеген Сүлеймен Ақтаевтың, Әуез Өтеевтің, Хакімтай Әміровтың, Қайыркелді Оспановтың, одан қалды меншікті тілшілеріміз Ешім Үбыраевтың, Кошан Оразалиннің, Қайыргелді Хайруллиннің, Қайыркен Конқақовтың, тағысын тағылардың бейнелері әлі күнге дейін есімде.

Ал, бертінгі Рұстем Бермаганбетовтың, күні кешелер дүниеден өткен Әбділда Дүйсеновтің, Октябрь Бұхарбаевтың, Бағын Нұрпейісовтің, Елубай Жәкеновтің, Мәтсен Бижановтың, Төлеген Қажыбайдың, Тайлак Жалмұрзеновтің, Нұрқан Ысқақовтың, Сәкен Хасенеевтің, Жомарт Оспановтың, Дулат Сапиҳановтың, Шиявиден Қойшыбаевтың, Ергали Досбаевтың, Жұмабай Есекеевтің, Кенжетай Газизовтың, тұстастарым: Кемел Жетпісовтың, Нұркен Нарғожиннің, Дәуренбек Шөрентаевтың, Тоқтар Баймаганбетовтың, Бауыржан Бектасовтың, Мәули Элімовтың, Ойрат Асанбаевтың әрқайсысының орны біздер үшін тым бөлек.

Әйткенмен бәріміз де бақыр басты пендеміз гой, кей-кейде жасы алпысты алқымдал, алпыстан да асып, жетпісінді жагалап қалған бәзбір әріптестерімнің ерсі қылықтарын естіл, жас дейтін жас емес, ис кәрі емес, әңқі-тәңкі күй кешіп жүргендерін кергенімде: «шіркін-ай, ерте күнгі агаларымыз қандай еді, солардың көбі

елуінен аспай, алпысына жетпей дүниеден етті-ау, ал мыналар не бол барады, әлде адам азып, заман тозып кеткен бе?» – деп іштей егіліп, ойланып қалатынам бар.

ӨЗІМІЗДІ ДЕ ЕСКЕРЕЙІК

Бірде ақын-сазгер Тыныштық Шаменовпен кездесе қалғанымда:

– Осы, сендер, журналист ағайындар, көрінгенді тұртпектеп жәй журмейсіндер, – деді кәдімгідей түсі күренітіп.

– Е, не бол қапты?..

– Не бол қаптысы несі? Осы өңірде қызмет істеген әлдекім туралы жаза қалсаңдар болды, «ол марқұмның тұрған үйінің мандайшасына мемориалдық тақта орнату керек немесе қаладагы көшелердің біріне атын берген дұрыс», дейсіндер де жатасын. Ертең бетін аулақ қылсын, ажал жетіп, өле қалсақ біздің атымызға да бір көше керек емес пе. Сол себепті көрінгенді ұсына бергенді қойсандаршы, өзімізді де ескерейік, – деп еди.



«ХАЛҚЫМ БІЛЕДІ»

Қазіргі Бурабай ауданы бойынша газетіміздің меншікті тілшісі, сонынан аудандық газет редакторы болып қызмет істеген Мәули Әлімов деген әріптесімізге кейде қалжындал:

– Бәлен жылдан бері көзмайынды тауысып, қағаз кеміріп келе жатсаң да еңбегінді ескерген ешкім жок. Бәз біреулердей өзінді өзің атакқа, не наградага ұсынбайсың ба? – десек:

– Е, бүгінде кім кімге керек дейсін. Қолдауышын, коргаушын болмаса, қасындағы келіншегіңе, одан қалды бала-шагақа дейін сыйламайды. Кімнің кім екендігін халқым біледі, тек еңбегімізді халқым бағаласын де, – деп әңгімені басқа арнаға бұрып әкететін.

Сол айтпақшы, бәлен жыл осы газетте қызмет істеп, денсаулығымыз дімкәстеніп, басымызға ақ, жүзімізге әжім түсे бастағандай кейіпте жүріп жатсақ та өзімізден көш кейін келген кейір құрбы-құрдастарымыздың атақты да, награданы да иеленіп жатқандарын естігенімізде қызғанғанымыз емес, қызығатынымыз бар. Сондайда Мәули марқұмның «енбегімізді халқым біледі» деген сөздері еріксіз есіме түседі.

БАЙЛАУЛЫ ИТ

Қазақ әуелден тойшыл халық қой. Әлдекім оқыста түшкіріп қалса да «иә жәрәкімалла» деп отыратын бұл пәтшагарлар қамшының сабындағы қысқа гана тірлікте нәрестелі болса іле шілдеханасын жасап, үл баланың

«шішпек» тойын тойлап, қыз туса «тұсауқесерін» атап отіп, әйтеуір неше амалын тауып жатады.

Ал, ұл немесе қыз өз аузы өз қолына жетіп, үйленер, не тұрмыс құрап шакта ағайын-туыстың басын қосып, той-домалакқа әзірлене бастайды емес ие. Сонда азын-аулақ зейнетакысымен күн көріп отырган бұларың ешкімнен қайыр болмаган соң әрі таманның қыспағында қалғаннан кейін кредитке барып үрынады. Ұрынганы сол, алғанның қайтарымы екі ссеге айналып, әлгі байғұстар со күннен бастап иттірлікке көшеді. Яғни, байлаулы иттей ай сайынғы толемге келгенде, не зейнетакылары жетпей, не былайғы жұрттан қарызға ақша ала алмай бастары катады. Сөйтіп, үйде де, түзде де байыз таппай, мыннадай байшыкештер билеген қыспақ заманда бүгінгі күннің нағыз мұсәпірлеріне айналады. Бірақ айтып айтпады не керек, бұган кім кінәлі?!

«ПОД ПРОЦЕНТ АЛАМЫЗ...»

Ажал шіркінге кім қарсы тұрмак?! Өмірден баз кешіп, бұ дүниеден өрімдей жас та, кәрі де өтіп жатады. Өзі тендер құрбыларының көбінен айрылған Кәкен қарт бірде үйінде оңаша отырганда бәйбішесіне қарап:

— Анау Жәкенді ағайын-туыстың бері жабылып, бала-шагасына дейін ақтық сапарына қалай шыгарып салғанын көрдіндер гой, — дейді. Тіпті, мынга жуық жиналған халыққа қыртысы жерге айрылып түсердей екі жылқы, бәлен қой сойып, жаназасын өткізді-ау, шіркіндерін. Ал, өзіміз болсақ, ата сақалымыз аузымызға жетіп, мыннадай қартайып, қаусаған шакта

ертеңгі күніміз не болар, – деп уайымға батады екенсін. Өйткені, жанашыр не туганың жоқ, балалардың түрі анау, бәрі несие деген пәлене қамалып, кредит пен ипотекаға тәуелді болып отыр. Әгәрки, бізге де бейmezгіл ажал жетіп, көзіміз жұмыла қалса мына сендер ел-жұртқа мазақ етпей, қалай жөнелтер екен, деп тұн баласы көз ілмеймін, – деп мұнын шақса керек. Сонда манадан әкесінің айтқанын естіп, сабыр сактап отырган ержеткен ұлы:

– Көке, көке, саспаңыз, тегінде көмусіз ешкім қалмайды. «Под процент» алып, жөнелтеміз өзінізді, – деген екен.

БАТАҒА ДЕП 5 МЫҢ ТЕНГЕ

– Осы бар гой, сенен көнілім қалғаны сондай, анада туган ағайым қайтыс болғанда топырақ салуга келмегенің былай тұрсын, іргеде отырып, көніл де айтып шықладың, – депті Кәкен замандасы Жамантайга. Сонсон да оқыста о дүниелік болып кетсек, тап сен бар гой, мына менің жаназама да бас сүқпассың деп отырмын. Сондықтан, әйтеуір көніліңе келмесін, осы тірі күнімде маған батага деп 5 мың теңге беріп қойши, әйеліме айтып, қағазға жаздырып қояйын.

Анау мұның сөзіне ләм демесе керек. Тек өзінің қателігін түсінгені ме, үн-тұнсіз бұрылып, артына да қарамастан жөніне кетіпті.

Содан бері осы жәйтті сымсыз телефон арқылы естіген елдің бәрі «Батага деп 5 мың теңге» дегенді мәтелгे айналдырып кеткен көрінеді.



АСАБА БОЛСАМ ҚАЙТЕДІ?

Қазір екінің бірі жасы да, кәртәміш тартқан кәрі де кайтып күн көруді, яки тұртінектеп тіршілік жасаудың оцай жолын іздестіреді десек өтірік емес. Олай десуімізге себеп, халық қалап сайланған депутаттар да, оз өнерімен елді аузына қаратқан әнші-бишилдер де, ең аяғы ауылдық жерде тұрып жатқан фермерлер де, құрып кеткенде, негізгі кәсібімен коса жеке бизнесін де оркендетуді ойластырады. Ал, атышулы сондай әншілерің мен тағы басқасы, мысалға Тұрсынбек Қабатов немесе Қанат Әлжапаровқа ұқсап, ойын-тойларда асабалық өнерлерімен де көзге түсіп жүр деп естіміз. Тіпті, ана жолы Актөбеде мерейтойын атап откел әлдебір байшыкеш апайымыз әдейілеп Астанадан әншілерді шақыртып, әрқайсысының қолына 5 мың доллардан үстаратылты дегенді естіл, тандай қақканымыз бар.

Солай демекші, қырық-елу жыл қызмет істеп, денсаулықты құртып, артық дүние жинамасақ та, тап қазір бала-шаганың қарызын жабамыз деп құрып кеткір манағы кредитке қамалып отырганда эттең дейсін, жасымыз ұлгайып, кәртәйіп қалдық-ау, эйтпесе, жұрт секілді асаба болып кетсем қайтеді? деп киялдайтынымыз да шындық.

ШЕШЕНСТАНҒА БАРЫП ӨЛЕРІМ ЖОҚ

Жас ұлгайған соң денсаулықтың да сыр бере бастайтындығы рас-ау! Кешегі «кой үстіне бозторгай жұмыртқалайтындай» заманда кәсіподаққа мүше

бодың ба, кезекпен курортына да, басқа да шипажайларға тегін жолдама алатының. Тап қазір мұның бірі де жоқ. Жас болса 70-тен асып бара жатса да қолында «Еңбек ардагері» деген ресми кітапшаң болмағасын ешқайда аттап шыға алмайсын. Бұрынырақта әленкедей жаланып, жұмыс істеп жүрген шағында әйтеуір ай сайын жалақы, не сыйақы алып жатқан соң іргедегі шипажайлардың біріне барып, жолдама сатып алып, ем-дом алып қайтатының. Ал, бүгінде жарытпас зейнетакыға қарап қалғандықтан, ондай женілдікті көрудің өзі арманға айналды.

Бірді-бірден естіп, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қоргау мекемесіне бас сұғып, өз жөнжобамды айтпаймын ба?! Сонда ондагылардың берген жауабы: шипажайға барып, тегін ем алып, тынығып қайту үшін «согысқа қатысуын, не денсаулығы себепті мүгедек атануын қажет» екен. Мәссаган десенші, онсыз да кейуана басым ашу үстап: «Сонда немене 100 мың теңгелік путевка үшін менің Шешенстанга барып, атылып өлуім, әйтпесе, аяқ-қолым сынып, мүгедек атануым керек пе?» деппін аналарға.

Артынан ойлаймын-ау, ашумен сыйбасам да тегінде дұрыс айтқан екенмін деп.

«ТОҢЫП ҚАЛДЫ-АУ!..»

Анада бүгінгі күннің өзекті мәселесі – ана тіліміз, қазақ тілі жайында ұзақ жылдар бойы осы мәселе хакында жазғандарымызды жинақтап «Тілім менің – тірегім» атты кезекті кітабымды жарыққа шыгарған болатынын. Тап сол жылы өзімнің 70 жасқа толғанымды және журналистика саласында жарты

гасыр еңбек еткенімді де атап өткемін. Соган орай Ақмола облыстық тіл басқармасындағылар бір топ қаламгерлермен қатар менің портретімді де (билборд) Абай көшесінің бойына іліп қойған-ды. Кейін оны Абылайхан данғызының, Орталық базардың маңына ауыстырып ілген-ді. Мұны көрген таныс ағайындардың коншілігі өз еңбегімді бағалад, осыншама құрмет корсетіп жатқандары үшін жоғарыдагыларга алғыс білдіріп, мені құттықтап жатты.

Бірде алғашқы қар түсіп, аяз қатая бастаган шақта осы қалада тұратын ауылдасым Мәктай Молдыбаев автобуспен келе жатып, әлгі билбордты байқап қалса керек. Онда жазғы киім, костюмшөң түрған қалпымды коріп: «Қап, мына шұнақ аязда онсыз да жұқалтан Сайлөшкем тоңып қалды ау!» деп өкініп, басын шайқапты. Тегі жаны ашыған адамның айтқаны гой бүл деймін артынан ішімнен.

«НЕСІНЕ ҚАПАЛАНАСЫЗ»

Күздің коныр салқын қундерінің бірінде Кәуік ақсақал өзінің кіндігінен тараган екі-үш баласын касына жинап, үй тұрмысына байланысты шаруа жайын ақылдасып отырса керек.

– Сендер осы не ойлайсындар, – депті ол ұлдарына қарап, қыс болса міне, тақап қалды. Қолда ұстап отырған малға деген осында бір түйір шөп, не сабан жоқ. Отын, көмір ол дағы түгесілген. Сонда онсыз да арық-тұрак, әйттеуір ағына қарап отырған мына малды қырып алмақпыш ба?! Бойымда күшім барда бәрін өзім-ак қамтушы едім. Қазір қарттық жеңіп, әл-куатым азайып, күш кетті. Әгәрки ажалға сабыр берсін дейік,

өйтіп-бұйтіп жүргендे оқыста о дүниелік болып кетсем, қайтіп қундерінді көрмексіндер, – дейді экесі балаларга кейіп.

Сейтсе ұлдарының үлкендері ләм дей алмай тәмен қарап отырса, кенже баласы:

– Көке-ау, бұған несіне қапа болып, қынжыласыз, әуелі өліп алсайшы, кейіннен бұл шаруаның бәрін оғып, бұғып, өзіміз реттейміз гой, – депті саспастан.

БАЙҚАЛМЕН ҚАЙЫМ АЙТЫСТАП

· Эдегегідей редакциядағы ұшқалаң жынын өтіп жатқан. Әркімнен бүгінгі күні нендей материал, нендей запас беретіндіктерін сұрау аяқталар тұста қасымда отырған Байқал інім, Байқал Байәділов бүйірімнен тұртіп қалып алдыма бір жапырақ қағаз ұсынды. Онда былай деп жазылыпты:

Заманында талайды демегесің,
Шаттыққа төніректі бөлекесің.
Қырық жыл жұмыс істеп, қажыдың ба,
Жан ага, не бересің, не бересің!..

Іле менде жай отырмай:
Бергенімді сен бала, ескермедің,
Ревизордай шұқшиып тексермегін.
Он минут сайын темекі шегесіндер,
Осынша шіренетін сен кім едің?! – дептін.

Онымен тоқтайтын Байқал ма, тағы да қарап тұрмай:

Дегенмен айтысуға бата алмайсын,
Ақиқатты айтпай және жата алмайсын.
Қозы-лақтың ішіне кіріп кеткен,
Қажыған көп жұмыстан Атандайсын! – дегенінде,
оның былай деп жауап берген екенмін:
Дүшпан болсан, Батыраштай тасада бол,
Ойтпесе мал соятын «қасаба» бол.
Материал онсыз дағы сыймай жатыр,
Замредактор, эйтпесе, асаба бол!?
Іштей не айтпақ болғанымды сезді ме, Байқал бір
мырс етіп, қаламын үстел үстіне қоя салды.

Тағы бірде Байқал осы қалада тұрып жатқан екі-
үшінші ақсақалдың сстслік-кітап шығарып беруге
комектесуін сұрап, қайта-қайта мазалап жүргендіктерін
құлакқа естірткен. Онымен қоймай таяуда маган мына
бір шумақ өлеңдерін жолдапты.

Екі ұжымға қатар біткен көрік ең,
Сал жанрда салмақты енбек беріп ең.
Алпыстан соң ақыл шіркін азаймак,
Айтысуға жарайсың ба, менімен?!

Сонда оған былайша жауап қайтарған екенмін:
Алпысында ақыл қайта толысады,
Алпыс бесте қалтаң тозып, «созылады».
Алпыс түгіл жетпістегі шалдардың,
Өз қолыңнан мемуары қашан шығады?!

Сонғы айлардың бірінде елдегі қарындасым мен
шілімнің балалары үйленіп, екі бірдей құдалықты

өткеріп, шаршаңқырап жүрген өзіме Байқал тағы да тілін шүйіріп:

Бөлке нан гой күні-тұні жегенім,
Сондыктан да будак-будак өлеңім.
Құдалықты өткізейін сонан соң,
Бауырсақты жейсің інім, деп едін? – деп қагазын ұсынғанда:

Өлең жазсан наңды жеумен күн-тұні,
Мешкей деген тап өзінсін бүгінгі.
Дәметкенің бауырсақ болса жейсің гой
Женғен кеше ауырып қал «бұлінді», – десем, акын інім:

Ізгілікті ізетті ұлдар көксей ме,
Агаларға қарап іні өспей ме?
Ақиқатты айту керек жан ага,
Нан жегеннің бәрі бірдей мешкей ме? – деп сұрау салса, менде:

Мешкейсің деп айтқаным ғой, ойнап жай,
Өлер бала сөйлесе егер андамай.
Ансаганың бауырсақ болса жейміз гой,
Бұйырғаның ауыз толып таңдал-ай! – деппін.

P.S. Бұл жазғандарым кейбіреулерге ұсақ-түйек көрінгенмен екі әріптестің әзіл-қалжыны деп тусінген жөн.

«Бұқпа!»,
17 қаңтар 2013 жыл.

«КОРДЕ ЖАТЫП ҚЫЗГАНБАЙМЫН БА?»

Інц азаппап тұрып, қалалық емхананың тар коридорында участекілік дәрігерді күтіп отырганбыз, – деп бірде көршім өзімен шүйіркелесе қалғанда. Сондайда бұрышта бір топ әйел өздерінше дабыр-шысан, мағайындағыларды мезі қылып, азан-қазан дұылдасын жатқан. Әлгілерің тіпті ешкімді елер емес. Олардың орынсыз айғай-шуынан ығыр болған мен шеткөрі жақтагы жасы әбден кекселеу тартқан әйел адамға тақау барып:

Шепсей, мынадай қогамдық жерде тәртіп сақтау керек. Әйтпесе, коридорды манадан бостан босқа басқа көтеріп, құргак сөзбен мындағы жұрттың мазасын шын біргініздер, – деп өз базынамды айтпаймын ба?

Ой, шырагым, – деді ол, – сен менен жастау шыгарсың. Әуелі мына менің жасыма жетіп ал, әңкі-ғәңкі қылғанның көкесін сонда көресің. Әйтпесе, жайыца отыр, қайта тәніріден мені Құдай қосқан қосагымнан бұрын ала көр, балаларға масыл етпей, қолға қаратпа деп тіле... – деп анауым мұлдем әрі кетті.

Қаным бетіме шапшып, әбден ызага булықкан мен де қарал тұрмай:

– Амалың нешік, ажалдан ешқайда құтыла аұмасын тірі пенденің бәрі біледі. Бірақ менің келіншегім өзімнен мүшел жас кіші еді. Әгәрки ертеңгі күні апау-мынау бол кетсем, ол да жай отырмай тағы бір шалға тиіп кетсе, көрде жатып оны қызғанбаймын ба? – дедім.

Кемпір үндеген жоқ. Манағы санғырлаған дауыс естілмейді. Менде қайтып үндеген жоқын. Сонымен тарастық.

ГҮРІЛДЕП, ДІРІЛДЕП

Анада әлдебір шаруамен Құдашқа, ақын ініміз Құдайберлі Мырзабекке телефон шалмаймын ба?! Зыңзың!.. Арғы жақтан үн жоқ. Әйтеүір бір заматта Құдашым телефонды көтерді-ау!..

– Аллоу, бұз кім? – дейді ақырын сыйырладап. Оның несіне бұлай істеп тұрғанында шаруам қанша:

– Құдайберлі қарғам, бәленше-түгенше дейтіннің тұрагын білесің бе? – дедім салған бетте. Әйтпесе, телефон нәмірін айтсаң?

Анау тагы үнсіз қалды. Әлден уақытта барып:

– Бізде жиын өтіп жатыр еді, кейінрек хабарлассақ қайтеді? Даусы еміс-еміс дірілдеп шыгады.

– Жарайды, – дептін, – жайшылықта гүрілдеп сөйлеуші едін, енді қазір дірілдеп сөйлейтін болыпсың гой...

«АҒАРҒАНЫҢНАН КӨРІНІП ТҰР»

Ойымда ештеңе жоқ, орталық моншадан шықкан қалпыммен үйге беттеп келе жатқам. Қенет қарсы алдыннан Микола есімді таныс ағайым кездесе кетті. Ол бір кездері Президентіміздің өзімен бірге оқығам деп, бөсіңкіреп, мақтан етіп жүретін.

Әлгінің жасы үлкендеу екендігін ескеріп, «Ассалаумагалейкум, ағасы!» деп алгаşқы болып

сөлем бердім, ол да қалбалактап, колымды қысып жатыр.

– Кайдан келе жатырың? – деді кенет ол маған тессіле қарап. – Қолыңдағы түйіншегің не?

«Андамай сөйлеген ауырмай өледі» деген гой.

– Жана ғана моншадан шықтым,.. деп көnlімде сиңгене жок, тершіл кеткен мәндайымды қайта-қайта сұргіп қойдым.

– Е, бәсе, бұрынғы түрің емес, әжептәуір агарған сияқтысың. Жә, неде болса шипа болсын, – деп әлгім ақсия күліп қарап тұр.

Мен үндеген жоклын. Шынымды айтсам, Миколаның да түрі онып тұрганы шамалы. Нағыз шойнаң қараның өзі. Соған қарамастан келекелеген сорты мынау. Не дерің бар мұндайға...

«БІР КӨЗ ЖЕТЕДІ»

Жәкең – аңқаулау адам. Бірде өзімен жасты ауылда замандасына кездескенде:

– Соңғы кезде жиі ауырыңқырайтын болдым. Жүрегі түскір, ол мазалап қояды. Өмірі аурухана лсітінді білмейтін басым, жуырда екі көзіме бірдей «катаракта» деген пәле жабысқан соң ота жасатып шықтым. Енді сол екі көздің біреуі мүлдем көрмей қашы, – деп мұнын шаға бастайды.

Сонда антүрган әлгі замандасы оған:

– Құрдас-ая, ерте күннен емделгенің өзіңе жақсы. Іұрынғылар «ауырып тұрдын, аунал тұрдын» деген гой. Эйтсе де көnlіңе келмесін бір басқа бір көзде жетеді емес пе, – деп оны жұбатқан болады.

ФАМИЛИЯНДЫ СЫЗЫП ТАСТАЙМЫН

Әдеттегі дагдымен қалалық моншага барғам. Билет алған соң ішке кіріп, шешіне бастагам. Кенет сол жағымнан:

— Сәкे, ассалаумагалейкум, — деген дауысқа жалт қарасам, Әлтай еken. Амандық-саулық сұрасқан соң әлгім:

— Кеше Нұрекеңнің баласының үйлену тойы болды, — деді тағы да әңгімелеге тартып. Бүкіл Данқой елінің азаматтары гуллетті-ау бір. Айтпакшы, Сәке, сіз де сол елден емеспісіз. Сізді неге шақырмаган, — деп анау өзеуреп қояр емес.

— Қайдам, — дедім селқостау жауап қайтарып, көп қатынаспаған соң ескермеген шығар. Оның үстіне қолымда еш билік жоқ мен сияқты зейнеткерді олар қайтсін. Қазір сөйлер сөзде, отырар төрде қалталылардықі гой...

Сонымен әңгіме бітті. Бірде ойда-жоқта көшеде сол Нұрекенді жолықтырыдым. АナンЫ-мынаны түгесіскең соң:

— Эй, Нұреке, — дедім, балаң үйленген еken. Қайырлы болсын, жастар бақытты болсын. Өйтсе де бәз біреулер анау бәленше, мынау түгеншеге шейін тойына барғанда сені неге шақырмаган деп кекетіп, сықатып жатыр. Расында менде тоқалдан туган жоқпын гой, бір елден емес пе едік, тойыңа шақыра салсан, қайтер еді? — дедім іштегіні жасырмай, өкпемді білдіріп. Сондагы ана мәжнүннің сылтаураңқан түрі:

- Ой, Сәке, өкпелеуің орынды. Бірак шақырмак кісі көп болып, орын тарлық еткен сок списоктегі фамилияныңды сыйып тастагам. Оған айып етпе?..

- Е, жарайды, – дептін теріме сыймай, көккөзділер айтпақшы: «И на нашей улице будет праздник» демекші, бізде де той болар, бізде де қызық болар, сонда әлгінде өзің дәттеткендей менде сенің фамилияның тізімге алгашилардың бірі гып жазып, артынан «кісі көп болды, орын жетінкіремеді» деп сыйып тастармын, – дедім. Анау үндеген жок. Сол үшілемеген қалпымен әрі асты.

СЕКСЕНГЕ КЕЛГЕНДЕ СЕКІРІП

Рұстем агады бәріміз сыйлаймыз. Рұстем агай деп отырғаным – қырық жыл бойы осы «Қекшетау» іштегіде тапжылмастан қызмет істеп, (ара-арасында іштегі жабылып қалмаганда болмаса) отыз-қырық жыл, кешегі партия дәуірінде редакцияның партбюро хатшысы, білдей бір бөлім бастығы болған Рұстем Нұббасұлы Бермагамбетов. Өзгелер оны – мұны ішкі іштегі бұзып қойып (әріптестерімнің кейбіреулерін шығам) бюро мәжілісінде немесе партия жиналысында пілқыға түсіп, сыналып, мінеліп, кемшілігі бетіне ышынып жатқанда құдай сактап, әйтеуір өз басым ондайдан дін аман болатынын.

Бірақ, бірақ деймін, бақыр басты пенде емеспіз бе, сондай-мұндай «тәртібі қаралғандардың» кейбіреулері артынан басқа жұмысқа ауысып кетіп, ертеректеу, яғни мәнгілісіз дүниеден өткендерін де билетінбіз. Сонда оғиміз сияқты бәз біреулердің қарғысына қалып немесе

болжашыдан өкпе-наз айтқызып, осыншама уақыт бүл кісілер қалайша партбюро хатшысы бол істеген деп тан-тамаша қалатынбыз.

Бірде сұық тиді ме, әлде жүйке тозғаннан кан қысымымыз көтерілді ме, қызмет орнында басым зенгіп әрі-сәрі күйде отыр едім, тарпаң басып кабинетке Рекен, Рустем ағай кіріп келді. Жалбалактап амандастып жатырмыз.

– Жәми екеуміз (женгейді айтады) қазір Бурабайдамыз гой. Сонда үйіміз бар. Жаз бойы үй қасында оны-мұны өсіріп, жеміс-жидек, соларды ермек етеміз. Мында үйді байқастауга, әрі пенсиямды алып кетуге келгенмін. Ал, енді өздеріңін ҳал-жағдайларың қалай? – деді сұрақты төтесінен қойып.

– Өзіміздің ҳалымызды көріп отырсыз гой. Ауырынқыраймыз. Жас алпыстан асқан соң сырқат деген ілгешектей береді екен, – десек:

– Өй, қойындар ондайды. – Ұсақ-түйек ауруды елемеу керек. Сексенге келген мына мен лақша ойнақтап секіріп жүргенде балам сыйылды сендерге не жорық! – демесі бар ма о кісінің.

TYSE БАСТАСАҢ САБАЙДЫ

Қызылтулық әріптесіміз Сагидолла Икенов бірде Дәуренбек Шөрентаев екеуміздің отбасымызды қыстық омыртқага шакырган. Онда жастау кезіміз. Лепіріп тұрган шағымыз. Сөйтсе де бір себеппен біз бара алмайтын болдық та, Дәуренбек пен Балжан жолга жинала бастаган. Содан Дәүкең отырып:

– Секе, мен осы жасыма дейін Қызылту жақта (қазіргі Уәлиханов ауданы) болып көрмеген едім.

«Шурабай-Омбы» бағытындағы жолаушылар поезі осыдан қай уақытта жүріп, қай уақытта со жаққа жетеді, – демесі бар ма?! Мен де қуакыланып:

– Ойбай, Қызылтуға баруын барасың-ау, бірақ сак болғайсың, кештетіп жеткен поездан түсептесінде ондағы көшө кезген жуликтер қалтанды қагып, өзінді соя бастайды, – дедім. Анауым үнсіз қалган.

Ертеңінде жұмыс кабинетімде отыр едім, телефон шыр сте қалды. Сагидолла еken.

– Еу, Сәке, мұның қалай?! Өзің қонаққа шақырсаң келмейсің. Ал, келем деген кісілерді «поездан түсептасаң сабайды» деп корқытып-үркітесің. Әлгінде гана Дәукең телефон шалып: «Секен солай-солай дейді, ірәнжімесен бізде бармай-ақ қойсақ қайтеді?» деп түр.

Мен шыдай алмай күліп жіберген едім. Сол едәуір уақыт хабарласпай кеткен Сагидолла таяуда рефакцияға соққан. Баяғыдай емес, өні жүдеу. «Оңдеріне келіп ойнап-күліп жүретін жолдасым – Гүлжашан осыдан екі-үш жыл бұрын айрылғам, – деп қояды. Ана жылғы ауырғаннан кейін қазір еттеп жұмыс істеген бол жүрмін. Балалар ержетті. Бірақ кей-кейде сендерді еске алып, сендермен өткізген күндерімді сагынып, осы жаққа аңсарым ауады да ғұралы. Ал, Дәукеңнің сондағы айтқаны элі есімнен кетпейді», – деп кенқ-кенқ күлген болатын.

Менде сол бір оқига кештеу болса да есіме қайта ғүсін, қолыма қалам алған едім. Әлде сабаса сабасын, елді қымбатшылық жайлап, бір құрсақ бол жүрген осынау жүдеушілік шақта сол Қызылту жаққа барып қайтсақ па еken, ә?!

ДАЧАСЫ ДА, САШАСЫ ДА!..

Сол Сагидолла ертеректе тагы бірде біздікіне келген. Қасында келіншегі Гүлжан бар. Білдей бір райбыткомбинаттың бухгалтері. Мәуен екеуі әйтеуір қашан кездессе де ас үйде шүйіркелесіп жатады. Шаруалары бітпеген соң екеуі осында қонбакшы болған.

Содан кешкілік жұмыстан келген соң шәй-пәйімізді ішіп алып, құрысқан-тырысқанды тарқатқаннан кейін:

– Әлі күн ерте гой. Бүгін айтпақшы қаланың сыртындағы дачага барып, оны мұны агаш, жеміс-жидекке су құю керек еді. Машина үйдің жанында, барып қайтсақ қайтеді? – дедім Сагидоллага.

Езуінде темекі, алдында ақаннан екі-үш рюмка тастап алған Сагидоллам:

– Жарайды, – деп келісе кетті.

Қазіргі су жаңа «Жигулиге» отыра сап, тарттық. Саяжайга барған соң оны-мұныны тұрткілеп, анаган-мынаған су құйған боп, біраз шаруа тындырдық.

Қой, кештетіп кетті, үйге қайтайық десек, қырсыққанда машинам от алсайшы. Кілтті бұрап, газды олай да басам, былай да басам, былқ етер емес тіпті. Енді сасайық дедік. Свечасын да қайта-қайта қарап, ауыстырган болдық. Майын да тексердік. Машина орнынан қозгалар емес. «Қылсан қылатыныңды қыл» дегендей, от алмайды. Тіпті, жан теріміз шықты. Сонда әбден шаршап, ыза болған мен:

– Бүйткен дачасы да, Сашасы да құрысын, – деппін. Сол бір өткен шақты еске түсіріп, Сагидолла осы жолғы келгенінде өзімізді тагы да күлдіріп еді.

САУАЛЫНА – ЖАУАБЫ

Бірде әлденендей шаруамен облыстық телестудиядагы Байқал інімізге, Байқал Байәділовке телефон шаптады. Обалы нешік, басқа бастықсымақтардай емес, трубканы әуелі хатшы қыздың орнына Байқалдың өзі көтерді.

Оның қазіргі портфель ұстаган дәү бастықтардың бірі скендігін білсем де, жасының өзімнен едәуір кіші скендігін ескеріп, «Амансың ба?», «Сәлемет пе?» мұсылманишылық жолмен «Ассалаумагалейкум!» деудін орына намысыма басып:

- Сәлем бердік! – дедім. Анауың да тілі мірдің оғыншай, қүшкештің бірі гой, кідірместен:
- Сәлем алдық, – деп жауап қайтарды.
- Эй, жасы кіші інім әмессің бе, өзіңдей бастық болмасам да, үлкендігімді ескеріп сен неге «Ассалаумагалейкум агасы!» – деп сәлем бермейсің десsem, анау тағы да саспастан:
- Агасы, үлкеннің сәлемі қалай, інісінің жауабы солай, – деп карап тұр.

«КЕЛІП БІР ҚУАНТСАН, КЕТИП БІР ҚУАНТ»

Таяуда редакциядагы біз отырған бөлмеге көптен көзілеспеген, көптен жүздеспеген екі тілде бірдей жаза білстін журналист ініміз Тоқтар Баймаганбетов кіріп келді. Өні жүденкі болса да, өзі көнілділеу. Көнілділеу лейтінім, исін сезбесем де, ақаңнан жұтып алғандығы байқалады. Жазып отырған жазуымызды тастанап, жасы кіші скендігіне қарамай өзімізben қатарлас еңбек еткен



әріптесіміз ретінде амандық-саулық сұрасып, шүйіркелесіп, әңгімелесіп жатырмыз.

– Роза қалай (жолдасы, бұрынғы әріптесіміз), бала-шагаң есейген шыгар ендігі, – деп қоямыз арасында. – Қазір өзің бізден кеткелі қайдасын, қайда қызмет істейсін? – дейміз тағы да.

«Еhee!» деп бір жеткірініп алған Тоқаң әнгіме тиегін ағытсын-ай келіп содан.

– Е, журналист ағайынға жұмыс шот бол па, Алматыда да, Астанада да қызметке шақырғандар жетерлік. – Арасында келіншек, бала-шага дегендей, сонда болгасын Түркістанга да барып қайтып жүрмін. Ал, енді Түркістанды айтсақ, қазактың екінші Меккесі екендігін өздерініз де білесіздер гой, онда да жұмыс артып жыгылады. Бірак кей-кейде ансарым ауғандықтан ба, ел жаққа келгім келеді де тұрады.

Тоқаң әлі сейлеп отыр. Аузы аузына жұгар емес, тілті. Ара арасында компьютер басып отырган келіншектерге де қырындал қояды. Бірін апа дейді, бірін тәте дейді, әйтеуір бәріне де үлгеруде.

Жазып отырганым нәмірдің материалы болғандықтан енді «әңгімешіл» Тоқтардан мезі болуга, одан тезірек құтылудын жолын іздестіруге айналдық. Соны сезді ме, біраздан соң өзі де:

– Сәке, Сіздің мінезінізді білемін гой, айтуға бата алмай отырсаңыз да, «Тоқтар, келіп бір қуанттың, енді кетіп бір қуант! – дегініз келіп отыр-ау шамасы, олай болса орныман жылжиын ендеши», – деп келесі бөлмеге қарай шыга жөнелмесі бар ма?!

ҚОЛДАУШЫҢ, ҚОРҒАУШЫҢ БОЛМАСА

Лігала елдің бәріне «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл», «Тыңға – 50 жыл», Тәуелсіздігіміздің мерекелік медальдарын қошеметтеп, жапатармагай тапсырып жатты гой. Оның алдында қаладагы мекемелердің бірінде қызмет істейтін үш адам кигарыштан жыл ішінде «Мәдениет қайраткері» атағын да иеленген. Содан біздің қала, біздің облыс бойынша мираппараталғандардың тізімі жарияланған газет нөмірін қиран, оқып отырсаң, өзіме таныс, өзімнен екі-үш-ак жыс үлкен жігіттің фамилиясы көзіме ұшырай кетті.

– Тыңның мерекелік медалімен наградталаңышидай сенің қай еңбегін сіңіп еді? Сол уақытта сексүміз де қателеспесем, мектеп жасындағы балалар емес не едік, – деймін гой оған.

– Е, біз тап сол уақытта каникул кезінде сенокосилкада істедік қой, – дейді анауым саспай.

– Сенокосилкада мен де істегем. Бірақ бізге медаль тиғен жоқ қой.

– Е, – дейді анауым танауын сипап, – менікіндей әкійің сол тұста колхоз баскармасы болса, эйелін қазіргідей заманда әкиматта қызмет істесе сен қайтер едің. Әгәрки қолдаушың, қорғаушың болмаса қарагым, сен құдайыңа барып шағымдан, дәнене де шықпайды...

АТЫҢ КІМ ЕДІ?

Күн күрт жылынып кеткесін қысқы соғым еті жіби бастиғандықтан ба, кейінгі уақытта жапатармагай омыртқага шақыру бәсекесі басталып кетті. Содан

келесі кезекте қаладан шеткеріректеу коттедж үйлердің бірінде тұратын ежелгі жолдасым Кәтештің дастарханында тағы бас қостық. Әрі-беріден соң ортага үйеме табақ ас та келді. Жылы жұмсақты ағаш салты бәкімен төрдегі Жәпіш турауга кіріскең кезде үй иесі де рюмкаларға арактан құя бастады.

Әуелгі дағдымен сонан дейсің, тост айту, тілек айту кезегі де келіп жетті. Анау да, мынау да бірінен бірі қалыспай, сөздің майын ағызып сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр. Келіншегінің одырағ қарап, бүйірінен тұртпектегеніне қарамастан алдында Кәтештің де әр тостың арасында қырлы стақаның түбіне ақаңдан құйып алып, өңешінен өткізіп жатқанын байқап қалғам. Кенет, келесі тостың бірінде ол маган көзілдірігімен сүзіле қарап:

– А-ал агайындар, ендігі сөзді мына орталарыңызда отырган өзімнің жан жолдасым, әрі туысымдай боп кеткен замандасым,.. – деп бастап, өзінен-өзі кенет кекеш жандай тұтығып, үндей алмай барып калып барып, әлден уақытта маган кезеп қолын сілтеп:

– Түһ, аузыма тұспей қалды ғой құғыр, бәлен жыл араласып-құраласып, жолдас бол жүріп, атың есіме тұспей тұрғаны, атың кім еді осы? – демесі бар ма? Ішken жанмен бәлен деп тәжікелесіп жатасың ба, оның жағдайын іштей сезген біз де жапатармагай ду құлдік. Тегі өзінің әлгіндей ретсіз қылығынан үяды ма немене, Кәтешім де қызарақтап, теріс бұрылып, үн-тұнсіз ас үй жаққа шыға жөнелді.



ХАЛДЕН БҰРЫН...

Қолы боста ара-тұра редакциядағы жігіттерге сөттін, оны-мұны әзілдесіп-қалжыңдастып әңгіме айтын, бір күлдірмесе ішкені ас болмайтын кокиңстаяулық әнші-сазгер Тыныштық ағамыз, Гыныштық Шаменов ұзак уақыт жолсапарда жүріп мұндағыларға көрінбей кетсе керек. Содан күндердің күнінде көшеде Тәкең қазіргі күнде «Арқа ажары» іштепде қызмет істейтін таныс журналистпен жолығыса кетеді. Екеуі шүйіркелесіп, аз-мұз тұрганнан кейін коғтаныс інісі:

Агасы, көптен көзге түспедіңіз гой, қайда тұрып, қайдаш жүрсіз?

Е, не дерің бар, жер мен көктің арасында, – дейді Тәкең де қуақыланып. Өздеріннің хал-жагдайларың қалай?..

– Халымыз жаман емес. Бірақ Тәке, айылқа бүйірманыз, темекінің бар ма?

Озі гұмырында шылым шекпейтін, аракты аузына татып алмайтын Тыныштық ағамыз: «Темекі шегетінің бар, алдымен халден бұрын соны сұрамайсың ба?» деп қолып сілтеп, әрі бұрылып жүре беріпті.

«ҚАЙДА БАРСАН, ДАНКОЙ?»

Отыз жылдай орталықтағы гимараттардың бірінде отырып, жұмыс істеп үйренип алсақ та нарықтың қыспагымен біздің «Көкшетау» газетінің редакциясы қазіргі Әуезов көшесінің бойындағы қалалық

коммуналдық шаруашылық үйіне қоныс аударатын болдық. Бірде күнделікті қарбалас жұмыспен абыр-сабыр жүргенімізде осында «Иә, жігіттер, қоныстарың қайырлы болсын!» деп қасында екі-үш адам бар манагы Тыныштық ағамыз келді.

Амандық-саулықтан соң ол:

– Иә, жаңа жерге үйренісіп жатсыздар ма? Бұрынғы орындарыңыз орталық еді. Қайтесіндер, басқа түскен соң көнестіздер де! – деп жұбатқан болады өзінше. Эрі-беріден кейін қайта:

– Мына үйде Сіздерден басқа тағы қандай оғис-мекеме бар, кімдер отырады? – деді қазбалап. Оның не оймен айтқанын іштей сезген мен:

– Төкен екеуміздің бір ауылдан екенімізді білесіз гой. Оның үстіне екеуміздің де атамыз – Данқой. Ал, мұнда бізден басқа горкомхоздың бастығы – Алтай Әкімов деген жігіт бар. Ол аз десеніз жаңада құрылған қалалық әкімдік жанындағы ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы Сейілхан Әубекіров те мына тұрған Ортактікі. Екеуінің түбі де – Данқой дегенімде, Тәкен:

– Эйтеуір тіл-көзден сактасын құдайым, қаладағы қай мекемеге барсан да бәрінде Данқой, – деп сылқылқылқ құлген еді.

«ЧЕРНАЯ КАССА»

Уақытылы тендер деген бәленен өте алмай, екі-үш айлық жалақымыз қолға тигелі жатқанда мындағы қыз-келіншектер:

– Давай, баяғыдай «черная касса» ойнайық, эйтеуір мол ақшага қарқ боламыз гой, – демесі бар ма?!

Мұны қасымда отырган Кенжекең де, жасы үлкен
Кенжетай Газизовке айтып едім:

– Ойбай, ол пәленді қой. Ертеректе осындағылар
болмаган соң «чёрная касса» ойнап, тұра ақша алған
күші шешем қайтыс бол кеткен, – деген көзі
жиналықтап. Содан бері «чёрная касса» десе, бетін
шулак қылсын, менің де жүрегім өз-өзінен өрекпіп,
шым сте қалатыны бар.

«КОХАННЫЙДЫРЫП ПАПКАСЫ ЕДІ»

Тыриқалды тұнғыш екі кітабым жарыққа шығып,
менірғен конілмен со кездегі кәсіподактары Кекшетау
облыстық кеңесінің гимаратына бармаймын ба?
Кибинеге өзіме таныс Маркс Шаяхметов, Ертарғын
Кенжетарин және үшіншісін ұмыттым, тағы біреу отыр
екен. Қол беріп, амандастып жатырмын. Элде мезетте
Маркс ағай:

– Сайлау қарагым, жәй жүрсің бе? Үй-іші, бала-
шаты аман ба? – деді өзіме сұраулы кейіппен.

Жұмыс аяғы болған соң, әрі үйге кетіп бара
жатып Сіздерге жана шыққан кітабымды көрсетейін
деген инетпен соғып едім, – дедім сөзімнің соңын
жұтып қалып.

– Е, қайырлы болсын! «Құргақ қасық ауыз
жырталы» деген, енді жәй тұрмай оның байғазысын
беру керек кой, – деді осы арада Ертарғын да
әңгімемізге араласып.

– Берсек берейік, – деді Маркс ағамыз да
қипшалақтап, – бірақ соңғы айдың жалақысы қолымызға

тимен еді, қалтамыз бос, енді не тарту етсек екен? Сонсоң ойына әлдене түскендей:

– Журналист адамға папка да қажет қой. Менде біраз папка жинақталып қалып еді, соның ішінен ұнағанын таңдал алсаң қайтеді? – деп столының суырмасын ашты да, мынау тәуірі марқұм Леонид Георгиевич Коханныйдың папкасы еді, ұнаса ал, – деп өзіме ұсына берді. Коханный дегені – бұған дейін Красноармеец аупарткомының бірінші хатшысы, жасы ұлғайған соң ауылшаруашылығы қызметкерлері кәсіподагы облыстық кенесінің тәрағасы болып қызмет істеген, таяудағанда дүниеден өткен адам екендігін билетін мен:

– Кешіріңіз, өлген Коханный түгілі кейбір тірі пінделердің өзінен жирип, сескенетін Сәкен мұндаиды алмайды, – деп сыртқа шыға жөнелген едім.



БАЛҚИЯЛАРМЕН, БАЛШЕКЕРЛЕРМЕН...

Шиябиден марқум, әріптес ағамыз Шиябиден
Қойшыбаев тапалтақ келген, ойнақы мінезді, қүлгеш
жітіг еді. Тұбі – қызылтулық. Ол уақытта біздің жастау
кетіміз, құлық-сұмдық дегенінді білмейміз, тек
берілген тапсырманы орындауга тырысатынбыз. Бөлім
бастығы – қазіргі Баян Таласұлы Нұрпейісов. Жеке
опыраады. Қалған үш тілші – келесі бөлмедеміз. Содан
сағат тілі таңертеңгі он-онбірге жете бере Шиякен:

– Ой, жұмыс қайда қашады дейсін. Тұнде қыздармен
едуаір қыдырыстап қалып едім. Шегім шүркырап кетті
тіппі. Жүріндер, мына іргедегі базарга барып,
исеменінен жеп қайтайдық, – дейді. Сырасы болса,
шілдік. Онда газет редакциясы қазіргі Әуезов көшесінде,
ал базар іргеде тиіп тұр. Кенжекен де, Кенжетай Газизов
те, мен де бір-бірімізге қараймыз. Кет әрі емеспіз, бірақ
артық-аудыс тиын-тебен жоқ. Үндемейміз.

Жүріндер, акшасын мен төлеймін, – дейді
Шиякен тағы ойымызды сезгендей.

Баякен іздел қалса, не істейміз, – деп Кенжекен
қыбылжықтап, қипалақтай бастаса:

Жауабын мен берем, – дейді әлгіміз. –
Қорықландар, дәретханага шықтық деп сұлтау айтамыз.

Қарнымыз тояттап, әрі-беріден соң орнымызға
каштын келеміз. Түк білмегендей, түк сезбегендей
Шиякен де кіріп-шығып, әлденелерді сұрастыргандай
боламыз. Ол кісінің алдында запас материал деген
үйіліп жатады. Содан бас алмайды.



Тұс қайта жұмыс күні аяқтала бере Шиякеніміз тагы манағы әніне басады.

– Эй, жігіттер, сендер жұмыс істеген бол отыра беріндер. – Мен қыздармен, Балқиялармен келісіп қойып едім. Солармен киноға барам. Бастық іздесе, осында дей салыңдар. Келгесін, жауабын өзім берем, – деп сып етіп, сыртқа шығып кететін. Сол кеткеннен мол кетеді.

Анда барам, мында барам, ана жұмысты тындырам, мына жұмысты істеймін, – деп бірер сағатқа сұранып кетіп, екі-үш күндең қарасының көрсетпейтін өзімізбен катар қызмет істеп жүрген қазіргі жігіттердің қылышына налығанда кей-кейде менің есіме баяғы Шиябиден марқұм, Шиябиден Қойшыбаев түседі. Сонда деймін бұларың да ғалқиялармен, не ғалшекерлермен шүйіркелесіп, жүздесіп жүр ме, жүздеспей жүр мे?!

САҒАН ЕМЕС, МАҒАН ШЫҒАР

Тәкеннің бір әдеті қалжырай бастаса немесе ақана тойып алса он жақ көзін әлсін-әлі жыпылықтатып қыса беретін.

Бірде көршісі Мәден немересінің пішпе тойына шакырып бұлар ұзак отырысып қалады. Ет желініп, шай ішер алдында әйелдер жағы қалта бөлісіп жатқанда ерекк атаулы ауыз үйге шығып, қарт ойнауга кіріседі.

Әлден уақытта қолы жүрмей, қарттан да қалжырай бастаган соң Мәден келіншегіне дауыстал:

- Эй, бар болса бір шөлмек арақ пен тіске басар акоң, – дейді. – Эйтпесе, мыналар маужырай бастаган сипаттылы.

Мұның сөзін екі етпей келіншегінің жұмсауымен біндердің келіп, шкафтан алған арагы мен тамагын үстептады.

Үн-уыздай, екі бетінен қаны тамған жас қызға Тәкен үс сүзіле қарап қалады. Қас қылғандай көзі де киітпі-қайта жыпылықтап кетеді.

Тамак құргатарды бұлар бір емес, бірнеше мәрте жишистырады. Төрде отырган Тәкеннің қайта-қайта кот қысып, қайта-қайта сүзіле қараганынан қымсынған Мадениң үлдік балдызы әбден мезі болған соң ендігі ретте анысына:

Тәтегай, ана жаққа енді қайтып бармаймын, анау шашы маган қарап қайта-қайта көзін қыса береді, – дейді Гомен қарап. Сіңлісінің әлде неден сезіктеніп, жоққа үшін құыстанғанына ыза боп кеткен апасы:

Ой, қаншық сол, е қаншық, экендей адам саған когиң қысушы ма еді, мүмкін саған емес маган қысқан шыгар. – депті саспастан.

ҰШ АҒАШ ТА ЖЕТЕДІ

Сонау бір кеңішлік заманда қазіргі «Кекшетууымыз» аптасына 5 рет шыгатын. Бірақ ТАСС-тікі бар, Қазір АЛ-тікі бар, оның үстіне әрісі Мәскеу, Алматыдан белгілікті қalamгерлердің өздеріне дейін повесть пе, роман ба, эйтеуір үзінділерінен бұркыратып жіберіп житатыш. Сондағысы, эйтеуір ол кезде шықкан материалға гонорар қойылады. Одан-бұдан қарып алым

калу. Оның үстіне редакторымыз да солар басқаратын газет-журналдарға өз жазгандарын жібереді. Сейтіп, өзара «квит» болады ақырында. Ал, мындағы жеті-сегіз бөлімде істейтіндердің бәрі – олар да «мен атайын, сен тұрлар». Қысқасы не керек, секретариаттың папкасында залас дегенің, материал дегенін үйіліп жататын. Тіпті, штаттагы қызметкерлердің жазған мақалалары, тағы басқалары едәуір кешігінкіреп барып, онда да планерка сайын айғайласып-ұйғайласып әрен жарық көретін. Ол аз дегендей, сондай күндердің бірінде лауазымды қызметте жүрген «жазғыштардың» біреуі «менің берген материалым неге уақытысында шықлады» деп мындағыларға қайта-қайта шагым жасамай ма? Сонда газеттің жауапты хатшысы Өкен, кәдімгі мына Бұхарбаев:

– Эй, шырағым, анаусы бар, мынаусы бар, оның үстіне Егіндіағаштан Маман мен Жұмабай, Қарагаштан үш бірдей Данқой ол бар, (Төлеген, Жабал, үшеумізді айтады), Ортагаштан – Дәуренбек пен Ойрат, солардың жазғанын сыйғыза алмай жатканда, сенікі не жорық, сол үш ағаштікі де жетіп берер, – дегіпті анаган.

АЮДАЙ АҚЫРҒАН

Үістық парына (бу) шабынып шықканнан кейін моншаның атшаптырым болмаса да, дағарадай шешініп-кинетін залында жайбарақат отырғанбыз. Кенет ішке өз әрітгестерім – Сәкен аға (Әубәкіров) мен облыстық «Арқа ажары» газетінің бұрынғы фототілшісі Советбек Магзұмов кіріп, бізді көрсе де көрмегенсіді ме, әйтеуір әй-шүй жоқ шкафка киімдерін

шін, шешіне бастады. Осы кезде қасымда отырган Мирзагали ағай, Көшекбаев маган бажырая қарап:

– Эй, мыналардың көздерін шел басқан ба, немене, ішті адам құсап амандасуды да білмейді. – Әлде монинада амандасуға болмай ма? – деді іренішті кейіннесін.

– Түһ, ағасы-ай, – дедім сонда мен оның көnlін шашузыратып, – ерте қундегідей, Арықбалықтагыдай үйисполкомның председателі болсаныз немесе Чистопольдагыдай аупарткомның хатшысы болсаныз, шимшызга келіп, құрак ұшып сәлем берер еді. Әлі күнің ірінің де аузын іреп, кішінің де балтырынан кішінің жүрген аюдай ақырган маган сәлем бермей түрінде қолыңызда еш билігініз жоқ зейнеткер сізді кіттеді бұлар? – дегенімде Мырзагали аға:

Сәлемдері өздеріне, өлтірдің інішек, өлтірдің, – деп шек-сілесі қата кулгені бар.

АЛЛЕРГИЯМ ҰСТАЙДЫ

Тәкен бір қағары бар, қуақылау жігіт болатын. Жұмысында да ынталы. Әйткенмен бойындағы бір кемінілігі ішімдікті тәуір көретін. Ал, арақ жүрген жерде достарының да көп болатындығы белгілі гой. Бірде жолдастарымен дөйінкіреп жіберіп, Тәкен ғоссінесін тұра алмай жатса керек. Әйелі көрпесін жұлмајап, қайта-қайта:

– Ой, таң атқалы қашан, жұмысыңа бармайсың ба? Лейлі мазалап. Сонда анау бір көзін сығырайтып ишті:

– Қой дедім гой саган. Түндегілерді көрсем аллергиям ұстайды, – деп қайта аунап түсіпті.

ІШПЕГЕНДЕ БЫЛАЙ АЙТАСЫң

Әйелдер мерекесі күні екен. Шагын топ тағы жинала қалыпты. Стол үсті тағамның тұр-тұріне сыңсып тұрганмен, «ащы судан» дәнене көрінбейді. Содан отырған жұрт Тәкене:

– Сен «Жұлдызым» әнін жақсы айтады дейді гой. Кәне, мына әпке-қарындастарының мерекесі құрметіне де бір шырқатып жіберші, – деседі қолқалап. Тәкен қынқ демейді.

– Мен ішкенде гана айтушы едім. Ішпесем дауысым шықпайды, – дейді сылтауратып.

– Эй, ішкені несі? – дейді отырғандар болмай. Эрібері қоймаган соң Тәкен әнді бастай жөнелді. Қайырмасына келгендеге, тіпті өңешін жырта шырқатады дерсін. Сонда төр басында отырған Байекен:

– Эй, эй, мынауың, тіпті керемет кой, ішпегенде былай айтады, ішсе қайтер еді? – дейті басын шайқап.

ҚЫСТЫГҮНІ ТҮГІЛІ

Ана бір жылдары саяжайлышқ жер алу, тышқақ лағын жоқ бола тұрып қарызданып-қауғаланып астына жеңіл машина мінү «ауруга» айналды емес пе. Жұртқа еліктеп біріміз «Жигули», екіншіміз «Москвич» сатып алғанбыз. Бірақ техникадан түк хабарымыз жоқ бізге машинаға от алдырып, сәл-пәл босаса бір гайкасын бұраудың өзі мұн еді.

Содан күндердің күнінде жұмыс арасында отырып, әнгіме соқтаймыз ба? Бәрін айтып-айтып таусып келіп, ендігі мезетте машина, шоферлық тақырыбына ауыстық. Өз басым қыстай гаражға бармаганымды, қар кетіп, күн жылынған соң гана

есінін ашқанымды, әйтеуір аккумулятор жана болғасын 6V, машинаның тез от алғанын сөз етіп мақтанбаймын 6V? Соңда қасымда тұрган замандасым Бекен:

Біздің «Москвич» қыстығуні түгілі жаздың қайнап тұрған ыстығында да әке десен от алмайды, – деп шекспірміңді қатырғаны бар еді. Тегінде біздің универсалның шоферлық тәжірибсізді осыдан-ақ біле бер.

МАҚТА МЕЙЛІ, МАҚТАМА МЕЙЛІ

Шортан ауданында меншікті тілшіміз Сәмен ішінектерлік жасына толып, соны шагын топпен атап шынек болдық. Сол уақыттағы жерком төрағасы Кенжекең:

Ал, жігіттер, жұмыс аяғында тарап кетпендер, Сәменшің күттүктайық, – деді. Сағат тілі алтыдан аса бере жишила қалдық. Бар-жоғы жеті-сегіз адамбыз. Ішікішімші, Сәмен үлкен қара сумкасына салып, аздал шынек ет, бауырсақ, тіске басар тағы оны-мұнысын әкелінгі. Төрт-бес шыны арагы тағы бар екен. Содан киндерім той басталды да кетті. Анау да, мынау да сөз сөйлем жатыр. Шөлмектердің де екі-үшеуі босап кілдү. Көзек Кенжекең де жетті.

Біздің Сәмен еңбек жолын республикалық ағаштарден бастаган. Қарагандының, Ақмоланың облыстық газеттеріндеге де істеген. Талай награда, шұрсағ атағы да бар, – деп көсліп, шешіліп келе житқапта «той иесі»:

– Ой, ей, Кенжеке, сен макта мейлі, мактама мейлі, енді соңғы шыны ғана қалды, – демесі бар ма. Отыргандардан әлдекім мырс ете түсті. Кенжекең де соғын догарып сап тиылды.



«ӘКЕМ ӨЛІП, ОҢДЫ БОЛДЫ»

Бірде қалада тұратын Арап ағаймен жолыққанымызда:

– Анда-мында баруга қол қысқа, биылғы жылды репрессия уақытысында құғын-сүргінді көргендерді еске алғу жылды деп жатыр ғой. Зарап ағай, Зарап Темірбеков туралы тағы бір естелік жазып беріңізші, – деп қолқалағанымыз бар еді.

– Эй, қойындаршы, – деген болатын ағамыз сонда кеңкілдеп күліп, баяғыда біреудің экесі қайтып, содан көрші-көлемнің бәрі әлгіні есіркеп, мұсылмандық жолымен «көңілдікке» деп қонаққа шақырып, етке кеңірдегінен келтірсе, ол байғұс үйіне келіп:

– Әкем өліп оңды болды. Ғұмыры жеп көрмеген жылы-жұмсақтың бәрін жеп, әбден қарним тойды, – деп кергісе керек. Сол айтпақшы, туганына 90 жыл толуы қарсанында Зарап ағайымның арқасында теледидарға да түстім, газет беттерінен де көріндім, радиодан да, тіпті жиналған алқа топ алдында да сез сөйледім. Текке әурелей бермендер, картайғанда қақшандай берсек, көз тиіп кетер, биылдыққа осы да жетер, – деп еді.

ЖАЗГЫШ «ЖАЗУШЫ»

Қызганғандық емес, қазір кітап «жазғыштар» көбейіп кетті ғой. Оған дауласатын және ештеңе жок, қалтаң қомакты болса, қаржы тапсанған любой баспадан жазғаныңды шыгарып ала аласын. Сондайлардың біреуі маган да жабысқан. «Ебің бар жігітсін, әлденеше кітабынды шыгарып, тәжірибе де жинақтап үлгердің,

көлпіңцы қақпаймын, бүгінде тегін жатқан дүние жок,
кот ақын деп, қолакың деп, не сұрасаң да беремін,
қартағайған шағымда ұрпағыма мұра болсын, маған
комектес», – деп әйдә кеп астыма көпшік қойсын.

Мактаганды, майдалаганды кім жек көрсін. Оның
үстіне мына заманда ақша жарықтық, артықтық еткен
біз! Күнделікті майды-шүйде тірлігің – ол басқа, айалға
ким, бағалаға азық дегендейін, не керек әлгі ақсақалмен
(жеріндегі ірі қызметтерде болған!) келісе кеттім.
Аныласы үш-төрт айда оның шатпақтарын іс қып
шыншырдым. Қолжазбасы түзетуге келмеген соң, үстінен
киріп, скі көзім төрт болып, жұмыстан кейін, обед арасы,
тәмілшіс уақытысы, әйтеір қырық жылғы таптаурын
тәмір машинкемен басып бердім. Обалы нешік, еңбегің
шеші қоныма американдық есепші 50 доллардан астам
акина үстаратты. Жазғаны жұрттың окуына жарайтынына
он мәт, аз-мұз қаражат тауып, қашшама тәулік, қашшама
ал онсыз да жұқарып жүрген жүйкені жұқартып,
шынынан ауыр бір жүктің түскеніне – мен мәз.

Содан кайтып сол «жазғышым» көрінбей кеткен.
Солтисем сліде болдым, шетте жүрген балаларға барып
қалғым, тілті Астанадағыларға да әдейілеп соқтым,
шыншырап кітабымның бір-бір данасын беріп, оғып-
буюын байғазысын алдым деп жуырда мүләйімсіп келіп
отыр. «Ана кезде жастау уақытта газет-журналдарға
жинал мақаласымақтарымды, оны-мұны дүниелерімді
қийти оңыз, қайта бастырып, кітап қылып шыгармақ
нистім бар» деп кояды ара-арасында. Жазушылар
оңдының мүшелігіне өтпек оймен керек қағаздарымды
ди жинастырып журмін»... Оның жазғандарының
қипидайлық мағынасы, қандайлық сапасы барлығын
жиқсөн білетін өз басым «шіркін жазғыш жазушым-ай!»
деп шіліп іштей оған бажырая қарап.

ШАШЫМЫЗДЫ АГАРТТЫ

Қаладағы белгілікті азаматтың бірі 70 жылдық мерейтойын атап өтіп жатса керек. Әркім кезегімен сөз алыш, той иесін құттықтауға кіріседі. Анаусы анау деп, мынаусы мынау деп, ал кеп мактайды. Тілектерін де айтады.

Мактауды кім сүймейді. Қөптің қолпаштағанына мынауың да былқ етпейді. Құлімсіреп, жымышп тұра береді. Осы кезде кезегі жетіп, ортага шыққан мұның өкшесін басып келе жатқан балдыздарының бірі:

– Жездемізді бәріміз де жақсы көреміз. Бірак жастау кезінде бұл кісінің де істемегені жоқ. Өзінің де шашын агартты, апайымыз бен біздің де шашымызды агартты, – дегенде әлгінің сырын білетін агайындардың біразы мырс-мырс құлген көрінеді.

МІН ТАҚПАЙ...

Кезекті кәсіподак үйымының жиналысы жүріп жатқан. Жарыссөз мана басталса да, Кәуік әдетінше өз орнында жай отырган. Соны байқап қалды ма, жерком төрагасы:

– Кәке, жиналыс сайын үндемей отырасыз да қоясыз, мұныңыз қалай? Үйым жұмысы жайлы неге пікір айтпайсыз, неге өз ойынызды білдірмейсіз? – десе:

– Өйтіп пәлеге қалдырмандар, – депті осы кезде қипалактап орнынан тұрган Кәуік шекесін қасып, мана үйден шығарда әйелім жиналыс болады екен, анау – бәленше, мынау – түгенше, деп көрінгенге мін тақпай жайына отыр, – деді емес пе.

ӘЗІЛГЕ ӘЗІЛ

(Ойымда дәнене жоқ, кабинетіме кіріп, орындыма отыра беріп ем, үстел үстіндегі бір жапырақ қалға козім түсе кетті. Онда:

«Білуші ек елінізді «Данқой» деген,
Ешкім жоқ беттен қагып «Әй, қой» деген.

Кей кездे ойланамын болған ба деп –

Осы сез «Данқой» емес, «Дауқой» деген, деп алдекім бір шумақ өлең жазып, алдыма тастап кетінгі. Қасымдағы жігіттерден:

Мұны кім жазып жур, кім қойып кетті, – деймін (oll).

Білмеймін, жаңа ғана А. деген ағамыз осында кіріп шыққан, сол кісі болмаса, – деп бәрі басын шиітқайты. «Әп бәлем, тегі сол кісі болғаны, алдында ғашыл мақаласын қорытқам, жазуы да сонықіне үксепілді», – деп менде қолма-қол екі ауыз өлең шығарып, біздің кеңсенің тәменгі қабатында отыратын, өзі зейнетке шықса да әлі күнге аудирмашы болып істеп жүрген әлгіге алып барып:

«Кім сдің дүйім елді қаралайтын,
Жоң айтып, ақыл айтып, саралайтын.

«Бұқнада» дастаныңды шыгарам деп,
Ағандың, жұрт бетіне қарамайтын.

Ағасы, сыйлаймыз біз басыңызды,
Ағарған ұйпа-тұйпа шашыңызды.

Ойтсуір сыртқа теуіп кетпенізші

Торімде салалап жеп асымызды, – деп жазғашынды колына ұстата салдым. Содан бастап ол кісі мені корсса «Бәлесінен аулақ» деймे екен, сырт пішаптың жүретін болды.

«ОНДА КЕЗЕКШІ БОЛЫП КЕТ»

Уақыт деген жүйрік-ау, шіркін. Құні кешегідей-ақ бәрі де. Жастау шағымыз. Жас болған соң редакциядагы ішкі жұмыстардың бәріне де жегілетін бізбіз. Басқаша айтқанда, ойда-жоқта ауырып қалса, подчітица да, корректор да, ең аяғы курьеर де болатын сенсін.

Бірде қатты сұық тигендіктен бе, тұмауратып ауырмаймын ба? Денемнің қызыы көтеріліп, басым солқ-солқ етеді. Ертелетіп дәрігерге барып ем «Қозғалмай үйінде жат, әйтпесе осложнение алып қаласын» деп, бюллетень жазып берді.

Содан жүгіре басып редакцияға келдім. Жауапты хатшы, аруағы кешірсін Октябрь ағайга, Октябрь Бұхарбаевқа мән-жайды айтып, үғындырмаймын ба?!

— Е, ештеңе етпес, жас емессіндер ме? Ертенгі шығатын газетке кезекші боп кет, — деді. Кезекші дегені — біздіңше «қырағы көз», яғни орысшалап жеткізсек «свежий глаз». Кезекші редактордан кейін газет беттерін қайталап оқып, әріп қатесі табылса, түзейтін де сол. Сонымен не керек, сол құні газеттің беттелуі үзакқа созылды. Онда баспахрананың материалдық базасы нашар кез, материалдардың бәрі линотипсткалардың (әріп терушілер) қолынан өткен соң, оны метронпаждар қолмен теріп, қолмен құрастырады. Қас қылғандай сол нөмірге жогары жақтан шұғыл хабар түсетін боп қысқасы кезекшілігім ертенгі құні түске таман бір-ақ бітті. Тұнімен құрк-құрк жөтел, мұрыннан су ағып, денем бірде ысып, бірде тоңазып, қалш-қалш етіп, әрен шыдадым. Ақыры

Сол көтөкшіліктен кейін «пневмония» деген диагнозбен ауруханада да екі-үш апта жатып шықтым.

Артышан ойлаймын гой: «Қазіргі өз балаңдай көлөөр жастарға үлкенсіп, ана жиналыска, не мына жиналыска бара қойышы немесе газеттің алдағы шомиріне кезекші боласың десен, эр нәрсені айтып, шешік түрлі сұлтау табады емес пе. Әттеген-ай, ана көздері мен де неге сөйтпедім екен, ә?!

«ТІРІЛЕРІМІЗ ҚАЙТПЕКПІЗ?»

Одесстігідей апталық ілездеме өтіп жаткан. Редакторымыз әкімдіктең соңғы өткен жынындарда кириштап мәселелер төнірегіндеге сөз қозғап, газеттің оғаны шомірлерінің жай-жапсары туралы сұрастырып, кисинданғы орынбасарларына:

Мына қантар айында бәріміз жақсы білетін Геннаиниң, Естай Мырзахметов ағамыздың туған күні анының отеді гой. Соны алдын ала ескеріп, жұрт оқырыптаій бір жақсы материал жазған дұрыс болар-ау дейміш, – деді. Ар жағында не айтқалы тұрганын кім болсін, айтеуір өз білетінім одан кейінгі ақлан айында Сокен сері Жұнісовтың, бұрынғы редакторымыз міркүм Жанайдар Мусиннің де туған күндері екендігі сімсіз түсті. Соны сезгендей басшымыз тагы да:

Ал, басқаларыныңда қандай ой-лікірлерініз бар?
Айтыңыздар, – деген соң жайыма отырмай мен де:

Марқұм болғандардың аруақтары кешірсін, соңда тірілеріміз қайтпекпіз? – дёппін. Өйткені, алдағы иңшап айында құдайым тіл-көзден сақтап, аман-есен жетсем өзім де 65-тің қыркасына шығады екенмін. Не

оімен айтқанымды түсінді ме, редакторымыз да күлімсіреп:

– Сәке, саспаңыз, Сіз де есіміздесіз, – деп соң тауып кеткені бар.

«ҚАРА СҰҒА ТҮСІП»

Кей-кейде оңаша отырсан, басыңа өткен кезеңдерден әртүрлі оқиғалар там-тұмдап есіне түседі. Сондай жәйттердің біреуі туралы әңгіме қозгамақпыш.

Тагы бірде газеттің кезекті нөміріне кезекшілікке лайықты адам табылмай, секретариаттағылар:

– Сәке, бұл жауапты нөмір болған соң Сізге қолқа салғалы тұрмыз. Эрі бетті ұзакқа созбай тез оқисыз, әрі әріп қателерін де басқалардан ғері тез табасыз. Соған қалай қарайсыз? – деді. Оны-мұны жоспарлап қойған шаруаларым бар деп едім, көнбеді. «Тұнімен қара суга түсіп, жаман ауырып шықтым. Тегінде дәрігерден бюллетень алып, жатамын білемін», деп те сылтаурааттым. Сонда жауапты хатшымыз:

– Осы сендер жастарына жетпей қара суга түсесіндер де жүресіндер. Тап өздерінің қара суга түстім дегендеріне бәлен жыл біле білсем. Әлі ешқайсың төсек тартып, жатпақ түгілі, өлгенде жоқсындар ғой, – демесі бар ма?

ЖИЫРМА УШ ЖЫЛ ЕМЕС...

Көлтен көріспеген екі құрдас кездейсоқ кездесе қалып, әңгіме-дүкен согып отырған. Өткен-кеткенді айтып, бәрін түгесіп болған соң бұлар енді иені тілге тиек етерін білмей бір-бірімен әзілдеп, қалжындасуға

алғаның. Содан бірді бастап, бірді шұбыртқан
Әйткең Кәуікке:

Ей, құрдас, байқаймын осы, жасыңа жетпей
шашың агарып, бетіңе әжім түскені несі? – депті әй-
шүйне қарамай. – Сен құралпы жігіттердің бәрі әлі
күнде қыз-келіншек көрсө ку тұлқідей жылтындал,
кының-қылтың етеді.

Е, несін айтасың, – депті мынау сонда ағынан
жарылышты, – елдес жердің қызын аламыз деп күнде
алғаймен жиырма үш жылда осы халғе жеттік қой.
Іолқым бозбала күннен өзіңе таныс Ақышқа үйленгенде
пүнгес не едім, қайтер едім...

Ой, қойши, – депті Әйткең қолын сілтеп, – сен
де бір айтпайтынды айтады екенсің осы, әгәрки мынау
момын келіншегің кездеспесе ала сагат сайын мың
күбылғап Ақышқа үйленгенінде гой, жиырма үш жыл
емес, он үш жылда-ақ бар шашың түсіп болатын еді.
Қалға ондай шайлау тілді, ұрда-жық міnez әйелден
кудаі сактаған сені, – деген екен.

ҰШІНШІ БОЛЫП ӨЛЕРІМ ЖОҚ

Омір деген біреуге қызық, біреуге шыжық. Әйтсе
де тірі пенде болған соң әрі жасымыз да жеткендіктен
бе, тықылдаган сағаттай білінбей жылжып өтіп жатқан
әр күнінді магыналы да қызықты өткізуғе
шырысатының ол тағы шындық. Күндердің күнінде
мына іргеде тұратын көршіміз Әбекенің үйінде
әйтсуір бағып жатқан малымыз жоқ, өзіміз тенденс төрт-
бес зейнеткер жинала қалып қарт согатынбыз. Соққаны
сол, сәске түс ауа отырғаннан інір қараңғысына дейін
ойыннан жалықпайтынбыз. Ара-арасында әлденеге

бала дауласып та, айгайласып та қалатынбыз. Тіпті, етірігі неге керек, ұтқанымыз үй иесінің бәйбішесіне жақын мандағы дүкеннен арақ-шарап, оны-мұны тіске басар алдырып, өзді-өзі қаужандасып қалатынбыз. Элгі әйелдің ысыткан кәші-мәшісін жеп, шайын да мандашымыз тершіп отырып, қана ішетінбіз.

Содан уақыт өте келе қарт ойнастындардың бірі кездейсөк ауырып қалмасы бар ма?! Ауырганы сол, артынан естігеніміздей ол қатерлі сырқатқа ұшыраган екен. Енді қалған төртеуміз кемінде бес адам қажет ететін гарбаны қойып, бура ойнауга көштік. Көп ұзамай науқастанған элгі «карточнигіміз» де о дүниелік болып кетті. Жаназасына да, басқа да дұғасына қатыстық. Сейтіп жүргендеге партнеріміздің тагш бірі – Құдаш та оқыста жүрегі қысып, эй-шайга да қарамастан алдында ғана сап-саяу жүрген адам ол да бакильтық болды. Енді шынында да жан деген шіркін әркімге тәтті емес пе, өз басымызбен өзіміз әуре боп көпке дейін қарт ойнауды қойып кеттік.

Содан біраз күндерден соң әлдекім үйге телефон соғады. Трубканы көтерген келіншегім:

– Саған Әбекен қонырау шалып тұр. Мә, ала гой, – деп телефонды колыма ұстата салды. Аргы жақтан:

– Ассалаумагалейкум, Сайеке, көптен хабарласпай кеттің гой, – деген таныс дауыс естілді. – Қалай жағдайың жақсы ма? Әлгім, тіпті бастырмалатып сез беретүгүн емес. – Айтпағым, уақытың болса біздікіне кел. Нешіктен бері карт ойнаган жоқпыз гой. Мында екі-үш кісі сені тосып отырмыз. Тезірек кел, – деп дегбіріме қояр түрі жоқ. Әлгінің мұнысына жыным ұстаганы сондай:

Эй, Әбеке, – деппін, шақырганыңа рахмет.
Шілдесінен анада жүрегім шайлығып қалды ма, немене,
стілдікіне барып, қарт ойнаған төрт-бес адамның өзін де
шілдесің, жақында екеуі о дүниелік болып кетті. Енді
шілдесінде келмесін, үшінші болып тағы да сенікіне
шілдесін ажалымнан бұрын өлерім жоқ, – дедім
жілібірақат. Анауым өз агаттығын өзі түсінді ме, ләм,
мінші жоқ үндеместен трубканы қоя салды.

«ОЙНАМА, АҒАЦМЕН»

Қожагелді есімді ауылдастыммен бастауыш
мекіншіге бірге оқығанбыз. Сабакқа мүлдем зерек
шілдесінса да, алдың-дулдың төбелеске бейім тұратын.
Онда құралпы балалардан ерекшеленіп көрінетін дәү
шілдесінен қорқып, ешкім оның маңына да жоламайтын.

Сол Қожагелдімен дәм жазып, таяуда тағы
жомықтым. Ұзак жылдар өзі туып-өсken елінде
шілдесіншіліктың әр саласында хал-қарекетінше еңбек
еткен ол да жүзіне әжім түсіп шашына ақ кіре
міншіліккі. Бірақ жүрісі баяғыдай қунақ, қутың-кутың
стеді. Сөзге де осал емес, сауалыңа бір кісідей-ақ
жиуаш қайтара біледі.

Лиау-мынауды айтып, отбасының амандығын
сұрап, тағы бірде:

Иә, кішкентайларың нешеу, балалардың алды
еріжеткен болар, немере де сүйген шығарсың? – деймін
той! баяғы. Сонда Қожагелді:

– Е, ел ішінде тұрган соң, бала-шагасыз бола ма?
Үш-торт қызым, соншама ер балаларым бар.
Немерелерімнің алды мектепке де барып жүр, – дейді
Бір мырс етіп. – Оны неге сұрадың, өзің?!



– О, – дедім менде оның сауалына жауап ретінде, – сен деген нағыз мықты екенсің. Мына өзіміз қаланың қатқан қатығын ішіп, көжесін сораптап, екі-үш баладан әрі аспадық...

– Е, сендер секілді шілтиген шалбар киіп, қыл мойныңа бұрап, галстук таққанға мәз бол жүрсің дейсің бе бізді. Апышып-жапырып шаруашылықтың ана-мына жұмысын істеп, колхоздың кара бұқасындай күн-түн дамыл таппадық. Біз деген тегін адам емеспіз, біз «племенноймыз», қарагым. Ойнама ағаңмен, – деді әлгім.

Мен не айтарымды білмей жым болдым.

ИТТИҢ НӘЖІСІ...

Анада елге барып, аталарға деп ас беріп, кері қайтып келе жатқанда бәлен жылғы ескі «Жигулиім» онсыз да екі ауылдың арасындағы жолы онбай жатқан ой-шүқанақтың біріне түсіп кетті ме, немене, моторы сартылдады да (орысша заклинил дейді) қалды. Содан інімнің «Джипімен» буксирге тіркеп, әупірімдеп қалага әрек жеттік.

Ертеңінде әлдекімдердің айтуымен осындағы мотор жөндейтін жігіттердің біреуіне телефон шалмаймын ба? «Солай да, солай, саяжайда жиналмаған картобым бар еді, шайға деп таза су, таусылса газ балонын заправить етіп экеп тұрган машинадан ділгір болып қалым. Тездетіп ондал берсең жаарар еді інішек» деп коямын. Әлгім «машинаңызды көрмей болмайды, агасы, онша да мұнша өзім барып қарайын» деп көп ұзатпай жетіп келді. Онсыз да сартылдап-гүрсілдеп тұрган «Жигу-

«...німді» бір дырылдатты да: «Е, моторын қопармай синдең айта алмаймын. Қазір ауламыздагы екі-үш иномарканы жөндеп жатырмыз, соларды бітіргесін мишиштызызы алып кетемін» деді.

Ол жігітім сол кеткеннен мол кетті. Арада екі апта ғимс, үш алта да өте шыкты. Гаражымыз қатарлас өзіме ғимс орыс шалына анасын-мынасын істетіп жүрген мен «шуны күйген үрлеп ішеді» дегендей, нede болса осыдан алрылмайын деген оймен әлгі жігітке тағы телефон ғонайын. Обалы нешік, ол байғұс артынша-ақ жетіп келіп қашаптамды бусирмен алып кетті. Алып кеткені сол, «Ішігастыға мұншама, жұмысына оншама» деп онсыз да кредитпен байлаулы иттей тығырықта отырган мен ғалаптардың қалтамды қағып, біраз ақшаны әмиянның салып та кетті. «Оңдап болгасын өзім хабарласамын. Жекеңі-жонсіз телефон шалып, мазалай берменіз» деді өзі кетерінде ескертіп.

«Жаған құлда жазық бар ма», содан ана жақтан шыны хибар күтейін. Бір жеті өтті, екі жеті өтті, еш сыйбыс жок. Шыдамым әбден таусылған мен анаған амалсыздан телефоні шалайын. – Эй, қарагым, сен машинаны жоюдасынше қар да түсетін уакыт болды. Ал, мен кімдіңүші ешқайда шықтаймын. Қысқасы, қашан ондап би премексің!!!

Линаум бір мырс етті де: «Агасы саспаныз енді екі-үш күнде «Жигулиінізді» қайта мінесіз» деп жауап кийінорды. Тегі іштей ойлаймын, оларың менікін былай ғасыр, колденен қелген басқа жүрттықін де ақша үшін көзексіз істей береді-ау». Не керек, әбден ызам қелген мени «Ей шіркін, иттің нәжісі дәрі болса дарияға т..ды» деген осы екен-ау» деппін.

ҚАЗАҚТЫКІ КҮН КӨРҮ

Алда болатын кос юбилейіме байланысты, яғни ресми түрде журналист атанғаныма 50, бұйырса ілгері күнгі ақпан айында 70-ке толуыма орай өзіме-өзім тарту етейін деп, отыз-қырық жылды жазғандарымды жинақтал екі кітап шығартуды жоспарлап қойғам. Әйткенмен қазіргі дагдарыс заманында зейнетақымның өзі кредитке ноқталантаннан соң әйтеуір костюмінді шешіп алмас деп бүтінгі қалталы байшыкештерді айналдыруды ойластыргам. Әуелгі бетте анаусы да, мынаусы да көнілімді аулап, дәмелендіргендерін қайтейін-ай! Бірак зымырап уақыт өтіп жатты. Әлгілердің біреуінен де еш хабар болмай кетті.

Содан «шықпа жаным, шықпа» деп шырылдан жүргенде ел жақтағы білдей бір шаруашылықты билеп-төстеп отырған көзтаныс жолдасымның ұлы кездесе кетпесі бар ма?! Ана жылдарғы үйіме экесімен келетін жас Сәлім зіңгіттей жігіт бол өсілті. Тіпті, екі иыгына екі кісі мінгендей, өзі тығыршықтай доп-домалак, толған. Ана дайдан мені танып, ол да жаны қалмай қауқылдап амандасып жатыр.

Көп созбалап қайтейін, әлгіге өз жағдайымды жасырмай түгел айттым. «Кітаптарымның бірінде сендердің әuletің жөнінде де жазғандарым бар», деп соқтым. Анау үн-тұнсіз тыңдаған болып отыр. Тек әрі-беріден соң гана:

— Ағасы, біздің де шаруамыз оңып тұрган жоқ, — деді. Откен қыста біраз ірі қара мал жүқпалы дертке ұшырап, содан карантинге жауып тастады. Одан қалды, ай сайын, тоқсан сайын жылдық налогты (салықты дегені!), жұмысшылардың енбекақысын

төркімнің. Еккен егінімізді осы таяудаға жинап
жүргізу болдық. Әгерки осыдан артық ауыс тыныш-
тыңдағы үлесе өзініздің бұйымтайныңды ескеріп,
корекорын корейік. Өйткені, Австралияда кенгуру,
әскердің айтуынша қазақтықі күн көру емес пе,
әмбеттің бажырая бір қарады. Оның шық бермес
шешімдердің не емексітіп тұрганын іштей сездім.
Анау да үндеген жоқ. Сол үндеңген
тәсілдердің тарастық. Тек былай шыға «қазақтықі
шығармаса» десі әлсін-әлі іштей қайталап қоямын...

«АТЫ ЖОҚТАР» ӨЛІП БІТПЕЙ

Біздің біздің ауылдағылар ата-атага бөлінетін.
Егерде «Данқой» елі атанғанымызбен қуаныш-
шындағы бір туган агайындар өз шаруаларын өздері
жүргізумен жататын. Әсіресе, қыстық соғымда әркім
адамдарын әрқалай ата-атага бөліп
шығарылады. Сондайда біздің «Багыс» тұқымына
арынан шел-срек әлгі үйде үш-терт үстелді түгелдей
тұннастан.

Беріншірек ылғыда ысырылып кейінгі жақта
жархан басында отыргандар сыртқа шығармаса да
күйініп:

Осы бар гой, мына «Багыс» тұқымындағылар
шүзмен өліп бітпесе бізге төр де, сөз де тимейді, – деп
күйін күбірлесіп қалатын көрінеді.

Солай демекші, қазіргідей Қарттар айлығында,
быскадай да мерекелік шараларда әкімдіктегілер тек
жастары 80-ді алқымдал, тіпті 90-нан асқан бұрынғы
паргоократтарды, қазіргі тілмен айтқанда бүгінгідей

шенеуніктерді ғана шақыратындықтарына таң қаламын. Мейлі деймін, олардың да еңбегі бар, кешегі бар қыншылықты, ашаршылықты да, зұлмат заманды да, соғысты да көрді, бірақ мына біздер құралпы алпыстан асып, жетпіске тақап қалған «свежий зейнеткерлерді» де неге ескермейді еken осы деп қоямын. Себебі, біздің жастагылар да, яғни соғыстан кейін туған үрпақ әкілдері де өзгелермен қатар 40-50 жылдай ел үшін еңбек етіп, маңдай терлерін текті емес пе. Тіпті, солардың қатарында көбіміз әлі күнге бұрынғы кеңес заманында әркімге берілетін «Еңбек ардагері» кітапшасына да ие бола алмай отырмыз. Эй деймін, іштей тағы, бәрін айт та, бірін айт, кешегі аталарымыз айтқандай, анау бар ғой, құдай өзі кешірсін, әлгі «аты жоқтар» түгел өліп бітпей бізге төр де, сөз де тимес тегі!..



ЭЙ, СОНДАҒЫ ҚОРЫҚҚАНЫМЫЗ-АЙ!..

Жас үлгайып, онсыз да ерте күнненгі дімкәс іспесіншік сыр бере бастағаннан ба, әйтеуір сонау бала көзінде «коршілес анау ауылда да, мынау ауылда да өміншік ешкім елемейтін соқырішектен қайтыс болының» деп ұзынқұлақтан естітін біз, бүгінде жүрек-қаш тамырлары асқынып тұрган заманда күнделік дәрігерге қаранып, баяғы ескі дерпт - жүректің ишемиялық сырқатын дәлел етіп, ем-дом атқылды болғам. Багыма қарай мұныма дәрігер де қарыншық білдірген жоқ. Содан өзіме «5 рет қанепшаниңша шласыз» деп қолма-қол қағоз жазып берді.

Жаңған басым сөйтіп жүріп қатарынан төрт рет күнделік стационар аталатын палатада жатып ем шарының қабылдамаймын ба?! Келесіде соңғы рет қанепшаниңша алайын деп дәлізде ойымда ештеңе жоқ есек күттің отыргам. Өлден уақытта «Сайлау қарагым, сен де мында келіп жүрсің бе?» деп қасыма өзімнен салынған жас үлкен ауыдасым Алтай Нұрқасымов жиқкендап, өзіммен сәлемдесіп, қол алысты. Әрі-бері жиілісқан соң: «Иә, қарагым, үй-іші, келін-бала аман бол? Жаңдайың қалай?» деп жән сұрасты. Сұрағына орын селжос жауап қайтарған болдым. Сөйтіп отырганды іште ем алып жатқан әлдебір кемпірдің жан алқабы шыкты. Өзі тіпті шынғырып жатыр. Әп-сәтінде міндерникслер абыр-сабыр болды да қалды. Бірі дәрігерге жүтірсес, екіншісі жедел жәрдем шақырып элек. Мұндайда құрғыр жедел жәрдемі тезірек келе қоя ма?!



Көп күтті осындағылар. Содан бір мезгілде ғашыр-тұптыр әлгілер де жетті-ау әйтеуір. Көзді ашып, жұмғанша байғұс әлгі кемпірді носилкага салып сыртқа ала жөнелді.

«Құдай-ай, тірі қалса жарап еді» деп қоямын ішімнен. Бірақ тосын жағдайдан сескенгендіктен бе, әлде қорықканнан ба жүргегім де шайлығып қалды. Соңсоң қипалақтап орныман қозгалып: «Алтай аға, мынаны көргеннен соң ішке кіруге біртүрлі қаймығып тұрмын. Төрт күнгі алган емім бойыма шипа болгай, осы соңғысына кіrmесем де жарап» деп оған бажырая қарадым. Анау да ләм-мим деген жоқ. Тек әрі беріден соң: «Қарғам, осы сен дұрыс айтасың. Мен де бүгін бірінші рет келіп, ем алмақшы ем. Енді мынаны көре тұра, өзім де қорқақтап қалдым. Енді бізге деймін, бәлсендей ешкім ұрса қоймас, тегі ертеңдер келсем де жарап» деп сыртқа беттеген менің соңыма ерді.

Әй, деймін гой артынан, жан деген шіркін кім-кімге де тәтті-ау, әйткенмен шынымды айтсам, тап сондағы қорыққанымыз-ай!..

ТЕГІ, СӨЗ АСТАРЫН ТҮСІНГЕНІ-АУ!..

Сонау 90-шы жылдары өзінен туган ұл-қызының аяғынан қаз тұрғызып, мектепті бітірген соң жоғары оку орнына түсіру, оларды әрі қарай оқыту әркімге қияметтің қиыны болды емес пе. Оған себеп, колледжге болсын, институт, не университетке болсын жыл сайын бәлен тенгелеп ақша төлеу керек-ті. Ал, орысшалап айтқанда онсыз да үй-ішінің ұсак-түйегіне, оны-мұнысына жетпей жатқан «мизерный» жалақына кімді, қалай оқытпақсын.

Солай бола тұрса да, өзге ағайыннан кембіз бе, деп оның бәрінің бір амалын табуга тырыстық. Жекеменшік сақтаңдыру компаниясында штаттан тыс агенттік міндettі де атқардық, анау-мынаудың орысша жопап сүбектерін де (курстық жұмысты, дипломдарын, т.б.) аударып үлгердік, ең аяғы өзге жұрттан көрмайын деп, әйтеуір 30-40 жыл еткен еңбегіміз бар бол. әзірімдеп аз ғана таралыммен шыққан үлкендікшілік кітаптарымызды да анаган-мынаған өткізіп берген қолқалап, азын-аулақ тиын-тебен алып жүрдік. Соның бәрі шынтуайтқа келгенде жогары оку орнында өзім алып жүрген бала-шаганың қамы еді.

Күндердің күнінде сондайлардың бірі: экономисті тәп-тәуір дейтін білдей ірі шаруашылықты басқарып отырған замандасыма әрі ауылдасыма он шақты кітабымды алып барып, өз мұнымды шақпаймын ба!? Солай да солай, қолында әйтеуір билік бар гой, бір жәрдемінді көрсет, деп. Ол да өзім білетін кудың қуы екен:

– Жарайды, саспа, тездетіп мәселені шешуге тырысамын. Хабарды өз тарапымнан беремін, – деп арқамнан сипап, жылы сөзбен шыгарып салды.

Содан не керек, бір ай өтті, екі ай өтті, о жақтан еш хабар болмады. Ақыры баланың кезекті сессиясы жақында қалғасын шыдамым әбден таусылған мен жолай сол елді мекенге бара жатқан әлдекімнен екі ауыз өлең жазып, әлгі мықтыға сәлемхат жолдадым. Сондагы оның мәтіні былай болатын.

«Сәке, сасла, бір көмек берем деп ен,
Скоро өзіңе әдейілеп келем деп ен.

Содан бері бір емес, екі ай өтті
Саргайдым-ау, жол тосып елеңдеумен.
Мәрт жігіттің бірі едің, асып туган,
Тұыс түгіл, алашқа мойын бұрган.
Құтылайын Қекенің баласынан деп
Берсөң берсейш, барынды қолда тұрган...»

Обалы нешік, көп кешікпей әлгі «дөкейіміз» өзім сәлемхат жолдайтындағы әлдебіреуден көк конверт жіберіпті. Ішін ашып қарасам: о тоба, 30 мың теңгелік!.. Ол уақытта қазіргідей емес, теңгенің құны бар-тұғын. Сондагы шешемнен жаңа тұғандай қуанганым-ай! Сөйті тұра бұз пәтшагар, тегі, сөз астарын түсінген-ау, деп қоямын іштей мырс-мырс етіп.

«АЙТЫП СӨЗ ДЕ, ҰРЫП ТАЯҚ ТА...»

Хакімтай Әміров те ақжарқын әрі биязы мінезді әріппес ағаларымыздың бірі еді. Щучье ауданында газеттің меншікті тілшісі болып жүрген жерінен редакторымыз Жанайдар Мусин өзіне орынбасарлыққа алдыртқан. Жұмысына өте тиянакты, ұқыпты жән болатын. Және басқалардай емес, өзім бертініректе менгерушілікке тағайындалған идеология бөлімінен де (баяғы үтіп және насиҳат бөлімі!) даярланған материалдардың үтір, нұктесіне дейін тексеріп, сол кездері тәжірибеге дейміз бе, дәстүрге айналған үкімет адамдарының сөздерінен алынған цитаталарды, бәр-бәрін бүге-шігесіне дейін қадағалап, қатаң бақылап отыратын. Ол кісінің бұл гадетіне көнбістеніп алған

мсп, соның бәрін алдын-ала тәзтіштеп, әзірлеп көктынмын.

Қас қылғандай бірде Дулат марқұм, Дулат Сапиҳанов (суретші-ретушер) екеуміз түс ауа бере қабинетті іштен жауып алғып, шахмат соғып жатқанбыз. Іксуміз де ол кездे темекі шегетінбіз. Кім үтса, бәсіміз – ғемсікі, соны беріп құтыламызы. Бөлме іші көк түтін. Содан сырттан әлдебіреу тық-тық есік қағады. Күбір-күбір сөз естіледі. «Бұлар біздің тығызып, шахмат ойнап жатқанымызды біліп қалды ма, әлде басқа біреулері ме қалжындал-ойнап тұрган» деп күдіктенсек те, не керек, есікті ашладық. Ойынның қызығына әбден берілген біз әмден уақытта есік қайта-қайта қағыла берген соң, ішекті ашып қалсак, мәссаган, ар жақта Хакен түр үсірейіп. Қолында бума-бума қағаз.

– Эй, сендер мында ма едіндер? Мынау бір цитатты тагы салыстырып көрейік десем... Содан болме ішіндегі көк тутінді байқады ма, немене:

– Эй, сендерге айтып сөз де, ұрып таяқ та өтпес, – деп қолын сілтеп, әрі қарай кетті. Бар айтқаны осы. Тегі біздің ұрлығымызды сезсе керек. Бізде не дәрімізді білмей, әбден сасқандық па, басымыз салбырап, үнсіз қалдық.

Бүтінде өзімізден едәуір жастау, балаларымыз сиякты кейінгілерді. әлденеге жұмсал, не болмаса жұмысқа уақытылы неге келмейсін, неге ылғи көрінгенді сылтауратып, кешіге бересің деп ақыл айтқансысак, өзімізге қарсы дау айтып, дүрсө қоя беретін кейбір әріптестерімізге іштей: «Эй сендерге айтып сөз де, ұрып таяқ та өтпес» дегін келеді де тұрады.

АГАРМАҚ ТҮГІЛІ

Тағы бірде көршім, оңаша үстел басында отырғанымызда, ақырын мырс етіп:

– Осы гой, екі-үш Данқойдың (атамызды айтып отыр) басы қосыла қалса, дан-дұн, айгай-шу бастапады да кетеді. – Сіздерді адам қылып, сіздерді оқыны, тәлім-тәрбие берген со кезгі мұгалімдеріңіздің де жаны сірі ме деймін. Тегінде бәрінің жасына жетпей шаштары агарып кеткен шыгар?

Әлгінің не оймен айтқанын сезе қалған мен іле:

– Шаштары агармақ түгілі, көбінің шашы мұлдам түсіп қалды, қара жер хабар бермесін, ал сиди кейбіреулері ерте күннен о дүниелік болып кетті, – дегенімде анау да іштегімді сезе қалды ма, жым болды.

ӨЛІП БІТПЕЙ...

– Алла өзі кешірсін, қазір біреу-міреу қайтыс болып, жаназасын шыгарарда, не зират басына апарарда кебінге оранып жатқан сол кісінің жамандығы болса кештік деп, жақсылығын асырып, митинг ашу, сез сөйлеу модага айналып барады. Және мұның өзі берісі бір сағатқа, кейде тіпті одан да ұзап кетеді. Тегінде осыған алдагы күндерде тыым салуга болмас па еken? – деген сауалымызға Рамазан есімді күшкештеу жітіт:

– Неге болмасын, тек сол митинг ашатындардың өздері қазіргі күнде ақсақал жасына жеткен бұрынғы партократтар гой. – Ал, олар өліп бітпей, митингіні тоқтата алмайсың, – деп еді.

ІШІҢ КҮЙСЕ

- Осы менің таңгалатынным бар гой, сайлау етеді
кесе-ак болды әркімнің депутаттыққа таласқа
іүсстіндігіне тұсінбеймін. – Және бір орынга бәлең
шымдыштың тықпалап, қаншама қаржыны ысырап
кіллатындықтарына ішім ашиды. Одан да мына орынға
сен лайықсың деп, бір-екеуін ғана ұсынып, ай сайын
тап беренде бен электр жарығының, т.б. бағасын
қымбаттатқанша, қалған ақшаны үнемдеп, ішкі
мұктажға жаратпай ма? – деген көршіме:

– Ішің күйсе, ендігі сайлауда сен де депутаттыққа
іүс. – Сонда басқалардай өзің де астына «Мерседес»
мініп, мәпака боп коттедж үй салдырасың, – деген
сүйім.

ҚОЛЫҢ ЕДІ ҚОЙ БАҒУ

Жақан агайдың, кәдімгі жерлес акын Жақан
Сыздықовтың «Көк базарга барғанда» атты әзіл өлеңін
комишлік қауым естіген, білетін шыгар деп ойлаймын.
Ол жылдары өзім КазМУ-де сырттан оқитынын. Эрі
сессия сайын Жақан агайдікінде жататынын. Ақын-
жатушылардың біразы және сол Интернационал
компесіндегі 129-шы үйде тұратын. Солардың бірі –
Сырбай ағаны да сыртынан көргөп болатынын. Осы
олисіңде Жақан агай Сырбай Мәуленов жөнінде былай
ден қагытқан еді.

Құдай сені әүрс ғып,
Ақын етті Мәуленов.
Қолың еді қой бағу,
Басына киіп дәү бөрік...

«АНАЛАР КҮНІН КӨРЕР-АУ, БАСҚАСЫ ҚАЙТПЕК?»

Алқалы той өтіп жатады. Өншең ыгай-сығай ақын-жазушылар жиналған бұл той өлеңсіз өткен бе? Анауда, мынау да ортага шығып, екі қолын кезек-кезек ербендетіп, екіленіп, шашы барлары қайта-қайта шашын артына қайырып, шашы жоқтары қасқа басын бір сипап қойып, ал кеп өлең оқымай ма?

Кезек Сәкен сері, Сәкен Жұнісовке де жетеді. Былайғы жұрт Сәкенді қара сөздің хас шебері ретінде гана білсе де, оның өлең оқығанын естімеген де, көрмеген. Не керек, Сәкен ағамызы жиналған көшіліктің алдында бұл жолы «ақын» ретінде де бір қырынан танылады. Сонда Сәкеннің бұл «өнеріне» шын риза болған інісі Иранбек ақын, Иранбек Оразбасев:

— Сәкен ага, анау Өтежандар (Нұргалиев), Тұманбайлар (Молдағалиев), Қадырлар (Әли-Мырза) ақын болып қүндерін көрер-ау, ал Сіз былайынша өлең жазып, тамам халықтың алдында осылайша өлеңіңізді оқығанда басқалар қайтпек? — деген екен.

БЫЛҚЫЛДАТЫП, СЫЛҚЫЛДАТЫП

Қазакта «котыз күн ойын, қырық күн тойың» деген сез бар емес пе. Солай демекші, тағы бір дүрмекті тойда ішіп-жем мол болады. Әркім кезек-кезек тост айтып, әбден ығыр гып қызыады. Әлден уақытта кезектің реті Сәкен сері, Сәкен ағамызға да келеді. Сөйлеуге ерініп, әбден қажып отырган сері оның үстіне ұзак тостардан жүрттың мезі болғанын сезіп:

— Ал, ағайын, ең әуелі былқылдатып қагып жіберейік, содан кейін сылқылдатып алып жіберейік, — деген қайтадан орнына қонжия кетіпті.

«КӨЗІЛДІРІГІМ ҚАЛЫП ҚОЙЫПТЫ»

Кезінде облыстық «Көкшетау правдасында», социалдық республиканың «Егемен Қазақстан» штаттарынан осы облыстағы меншікті тұлшісі болып кіммет істеген Байекең, Баян Таласұлы Шүршайісовтың аңғал да аңқау мінезі жайлы әріптестері езу тартарлық күлдіргі әңгімелерді жіңілдіктер. Солардың кейбіреулерін назарларынызға үсіншілік отырмыз.

Бірде Байекең редакция тапсырмасымен иштегендегі Куйбышев (қазіргі F.Мұсірепов атындагы) ауданына жолсапарға шыгады. Күзгі уақыт. Орақтың нағызың қызған шағы. Жиым-терім кезі. Астында шеңбердегі жаланған су жаңа «Волга» автомашинасы. Жүргізуі – Михаил есімді орыс жігіті. Екеуі күпүзаққа түрлі шаруашылықтардагы егінжайшылдарының аралап, мұндагы комбайншылармен, қырман жұмысшыларымен, басшылармен әңгімелесүхбат күрүп, қажетті-ау деген материалдарын жиынтырып алып, кері қайтады.

Аудан орталығы – Пескіден асып, Рузаевкаға жете берген тұста жол соғып, әбден шаршап машинаның шортқы орындығында қалғып-шұлғып отырған Байекең жүргізуінің кенеттен:

– Ойбай, Михаил тоқта, менің соңғы барған дала косында көзілдірігім қалып қойыпты. – Қайта оралмасақ болмас, – дейді дегбірсізденіп. Сонда Михаил бұған бір, өзіне бір қарап:

– Байеке, сасқаныңыз не, көзілдірігінің көзінізде түр гой, – депті күлімсіреп. Сөйтсе, шынында да Һайекененнің очкиі өз көзінде түр екен.

ҚАЙРАН, ШІРКІН ҚАЛПАҚ!..

Тағы бірде Байсекеңшіл Айырғау ауданындағы «Лавров» совхозына жолы түседі. «Жұмысшы» ауылынан шыққан Социалистік Еңбек Ері Тұрлышек Әбілпейісовпен әдейі барып жолығысады. Даға қосында отырып, екеуі біраз әңгіме-дүкен құрады. Табақтап ет жемесе де, сорпа ішкендей оны-мұны тамакқа әбден (котлет, гуляш, т.б.) тояттайды. Ат арытып, алыстан қонақ келгесін, жұз грамм да табылады. Күн кешкірген шакта бұлар Көкшетауга қайтпақшы болады. Содан не керек, ана-мынаны айтып отырып, Байекен сол жолғы сапарында басындағы қалпагын дала қосында ұмыт қалдырады.

Келер жылғы көктемде бұлар Тұрлышектің дала қосында тағы кездеседі. Бар шаруасын бітіріп болған соң, Байекен:

— Тәке, ұятта болса айтайын, былтыр алаңғасарланып, басымдагы шляпамды осында қалдырып кетіпшін. Қөзіңізге түснеді ме? — дейді. Тұрлышек бір мырс етіп:

— Бәке, қалпағыңыз аға шкафтың үстінде тұр. — Жолай қалага соғып жүргенде, апарып беруге ұялдық. Өйткені, күзден осында қалғасын аға жерін бір, мына жерін бір тышқан кеміріп, жеп қойыпты. Ренжімессеңіз жаңасын сатып әндерейік, — депті.

Қалпақты қолына алып, өзінікі екенін білсе де, Байекен оны жерге бір ұрып, қолын сілтеп, жүре беріпті.

ҰМЫТШАҚТЫҚ-АЙ!..

Жазғы уақыт. Әдегтегідей демалыс болған сон Ішілекен «күнүзаққа не бітірем?» деп естиярлау немересін ертіп қалалық моншага барады.

Асықпай-саспай өзі де жуынады, немересін де жуындырады. Содан кенеттен түскілікке әлдебір жолдастының өзін қонаққа шақырып қойғандығы есіне іүсін, тез жуынЫп, шайынады да, сырт киімін кие сала үшінс келеді. Женгеміз аң-таң.

– Эй, қасындағы бала қайда, немерен қайда? – шейді өні бұзылып. Асығып жүріп, немересін моншада ұмыт қалдырганын сезген Байекен:

– Қап! – деп сыртқа қайта атып шығыпты.

«ӨЙБУ, ҚОЙЫП ҚОЙЫППЫН ҒОЙ!..»

Кезекті «ұшқалаң жиын» Байекеннің кабинетінде оған жатқан. Алдындағы қобдыраган қағаздан түк корінбейді. Жауапты хатшы газеттің алдағы нөмірінің жой-жапсарын айта бастаған мезгілде кенет телефон шар ете қалды.

Әлдене демекші болып, аузын аша берген Байекен жалма-жан трубканы қолына алыш:

– Эло, элеу, – деді абдырап. Арғы жактан біреу дік-дік етіп тұр. Тегі обкомнан әлдебіреудің телефон шалғанын ішіміз сезіп отыр.

– Қа-қазір, қазір іздестіріп көрейік... Сөйтті де ол трубканы орнына қоя салып, алдындағы үйліп жатқан қынгаздарды әрлі-берлі қопарыстырып, керек дүниесін іздестьре бастады. Әлден уақытта тапты білем, қуанып кетіп:



- Е, міне гой, әләу, – деп қолын соза берді де:
- Өйбу, трубканы қойып қойған екенмін гой, – деп сылқ етіп отыра кетті.

ТАҚЫРЫП ҚОЮДЫҢ ӘЛЕГІ

Қай журналист болсын материалын жазбастан бұрын әуелі тақырып таңдайды гой. Ауылшаруашылығы бөліміне басшылық жасаган соң ба, Байекен бірінен кейін бірі қабаттасып келіп жататын маусымдық жұмыстарға байланысты «Ұштастырыла жүргізілуде» тақырыбын жиі қоятын. Әр бөлімнен түскен запастың бір белгін мұртын басып қарап отыратын. Байекен сол тақырыпты қайта-қайта қоюдан танбады. Содан бірде жазған заметкама «Ұштастырыла жүргізілуде» деп баттитып тұрып тақырып қойдым да, секретариатқа тапсырдым. Ойымда дәнене жок, кабинетімде отырғанмын. Қенет хатшы келіншек есікті ашты да:

- Байекен шақырады, тез кіріп кетсін дейді, – деді. Бардым. Көзілдірігін қисайта-мисайта, алдындағы қагаздардың біріне шұқшиып қарап отыр екен.
- Ә, келдің бе? – деп орнынан қозгалактап барып:
- Осы сендер тақырып қоюга неге шорқақсындар. Мынауың не? – деді өзіме шұқшағын қарап. «Ұштастыра жүргізілуде» деген тақырыптан әбден жауыр болдық қой.
- Қайдам, – дедім басымды сипап, қай тақырыпты қойсам да ылғи сол «Ұштастырыла жүргізілумен» өзгертеңіз де жатасыз. Сонсон дей бергенімде:
- Әй, ол тақырыпты қойсам мына мен қоямын, сендерге не жорық? – демесі бар ма?!

«ТАУДЫҢ БҰЛАҒЫНАН»

ЮНЕСКО көлемінде туганына 100 жыл толуы шаш етіліп жатқан атақты суретші Әбілхан Қастеевтің есімін кім білмейді. Алты жасында туган әкесінен мүйірылып, байға жалданып, кой бағып ет тірлігінің әрқасында өсіп жетілген ол сонау 1929 жылы Алматыга барып, тұнғыш рет «Әліппенің» бетін шыады. Кейіннен сондагы Н.Хлудовтың сурет-студия мектебінде екі жыл тәлім-тәрбие алады. Ал, 1937 жылы КСРО Суретшілер одагының мүшелігіне қабылданып, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері, 40 жасында Халық суретшісі атагына ие болады. Ердің жасы – оныңде Қазақстан Суретшілер одагын басқарып, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанады. Сейтіп, көшегі күнгі «ожалшы баланың» есімі бүкіл әлемге танылады.

Сол уақытта оған әлдекім «Сурет салуды қайдан үйрәндіңіз» деп сұрақ қойғанда:

– «Таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, шамның киізінен, ешкінің мүйізінен» деп жауап берген екен.

ҰТЫМДЫ ЖАУАП

Тагы бірде тырнақ астынан кір іздеген әлде бір смышысымақ атақты суретшіні мұқатпақ бол:

– Қастеевтің алып-жұлып бара жатқан дәненесі жоқ. – Оның салған суреттері қөбіне-көп ошақ басынан аспайды, – деп бөсіпті. Мұны естіген Әбілхан ағамыз:

– «Ошақ басынан басталмаған өнерде жылдық болмайды», – десе керек.

«ВЗЯТКАНЫң» ТҮРІ

Сонау 1966 жылдың күздінде ҚазМУ-дің журналистика факультетіне сырттай окуға түсіп, облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің редакциясына жарты ставкамен қызметке орналасқанмын. Бозбала шатымыз. Пәтер үйде жалдап тұрамыз. Уақытпен санасу деген жоқ. Келсін келмесін шатпақтап жазамыз да жатамын. Ара-арасында кезекшілік міндептін де атқарамыз, Алғаш жалда корректор, не подчигчица ауырып-сырқай қалса, солардың орнына да жегілетін біз. Командиронканы былай қойып, анда-мында шабармандыққа да жассынып біз сияқтыларды жүмсайды.

Не сайтаны барын кім білсін, әйтеуір аптасына екі күн демалыс болгасын, ауыл жаққа, ел жаққа ансарым ауады да тұрады. Шешейдің малта салып, езіп берген құрт көжесін сағынғандықтан ба, әлде әлі күнге бойдақ болған соң кір-қонымды жудыртып қайтайын дегендіктен бе, оны-мұнныны сылтау ғып жауапты хатшы марқұм Тұрсынбай Қәкімовтен жұма күні, тұс ауа жұмыстан сұрана бастаймын гой. Ол кісіні мұқатқаным емес, тілі кекештеу еді. Оның үстіне «қақанды» да жақсы көретін.

— Е, е, жа-жарайды, бастықтарға білдіртпей әлденендей жерге жұмсал жібердім дермін. Тек се-сен, бір шүйтешке «Портвейнді» мына қағазга ора да, түмбочкама са-салып кет дейтін жарықтық.

Осы күні ойлаймын, ел бол, жұрт бол құрес жүргізіп жатқан қазіргі «взятка» дегенін, пара алуың со кезден-ақ басталған екен-ау деп.

КҮПІНУДІЦ СЫРЫ

Күнде көңіл, ақын көп. Анау да, мынау да әрбір
түшті шығыншың олең оқып жатады. Онысы аздай
жоғалған көзде «кітап шығарғыштар» да көбейіп кетті.
Сөйрорың ішінде тұма таланттылары да,
сөйлесіндері да бар. Жастау кезімде мен де олең
жоғам Сегізшінші класта оқып жүргенімде туган
шығыншың. Өбу 25 жасында кездейсок дүние салды.
Мыны ғомындегі шумактар содан қалған тәбәрік.

«Екі ауыз қалам алып, сөз жазайын,
Алыпшаң Өбу деген айналайын.
Сүм ажал жан бауырымды алып кетті
Алырай, құдайым-ай, негылайын.

Қыршын жас Өбу кетті сапар шегіп,
Жастығын жалындаған арман етіп.
Жылама аға-ала, бауырларым
Ажалға тоқтау бар ма, амал нешік?!

Ақылды маган айтқан көкейімде,
Күлімдеп үй-ішінде жүргені де.
Олсе де жан бауырым ажал жетіп,
Ісейнесі мәңгі менің журегімде!...».

Осы өлеңімді кейінректеу әке-шешеме дауыстап
оқып бергенімде, екеуі де риза болып:

Ой, сенің бойында да ақындық бар білем. –
Ішілабың таудай болсын! – дескен. Бәлкім содан шығар,
көй-кейде мен де «ақынмын» деп, өзімше күпініп
коюмын.

«КОНЧАЙ, БӘЛЕНШЕКЕЕВ»

Жас кезінде кімді кім елеген. Жастау кезімізде Ергали Досбаев марқұм, кешегі Кемел Жетпісов, Мәули Әлімов, Бауыржан Бектасов, Нұркен Нарғожин, бәріміз бірге жұмыс істедік.

Солардың ішінде Нұркен марқұмның, қара жер хабар бермесін, жаратылысы, адамгершілік қасиеті мүлдем бөлек еді! Редакцияға өзгемізден кештеу келсе де, жазу жағынан ешкімге дес бермейтін. Мамандығы – мұғалім бола тұра, газет жанрының қай-қайсысына да жасқанбастан қалам тартатын. Әсіресе, жогарыда айтқанымыздай, адамгершілік ізгі қасиет, мораль тақырыбына, ара-тұра сын-сықақ жағына көбірек көніл бөлетін.

Бірақ партияның тәрбиесінде жетілген, қарамағындағы қызметкерге қиғаштау қарайтын, өзі қаражаяулау бөлім бастықтары аз болды ма, о кезде. Сондай-мұндайлардың бірі Нұркеннің әр жазғанына шүқшия қарап, ретті жерінде де, ретсіз жерінде де сызғылап, әр материалын шұнтитып қыскартып, өзінше пәлсапа соғып, ақыл айтуын қоймаган гой. Әйтеуір оғып, бұғып, азына да, көбіне де шыдап, әбден зәрезап болған Нұркен марқұм бірде әбден шыдамай кетіп:

– Эй, қарагым, ақылынды басыңа езіп жак, конца да концов кончай, Бәленшекеев! – деп әрлі-берлі сызғылаған материалын, бастығының қолына лақтырып жіберіпті де, есікті тарс жауып сыртқа шыға жөнеліпті.

Содан не керек, о кезде партия қайда болса... деген жаңған ұран бар. Нұркен байғұстың тәртібі партбюро мажілісінде, партия жиналысында қаралып, әлгіндей «геріс мінезі» жерком отырысында да талқыга түсті. Алдыры редколлегияның шешімімен Нұркен жұмыстан ысаятылатын болды...

Әйткенмен қазіргі күнде құпініп креслода отырып, кеуде керіп, өздері тіпті айлап, жылдал қалам тартпай, ғимлерге көзге шұқып, ақыл айтқыш бастықсымақтарды корінімде бар гой соларға да өзімнің: «Кончай, Қалыншекеев!» дегім келеді де тұрады.

«ҚЫЛДАЙ БӨЛІП ШШІК»

Аптасына бес рет шығатын газеттің әр нөміріне көрректорды, оның көмекшісін (подчитчица) сентемегенде, бұрынырақта кезекші редактор, оған қоса «свежий глаз» – қырагы көз тағайындалатын. Сондай кезек мұндағы Ш-га де жетеді. Бірақ кезекшілікке ол ішіп келіп, сол күнгі газет нөмірінде саяси қате кетеді.

Ертеңінде обкомнан телефон шалынып, үлкен айтай-шу басталады. Ол уақытта обкомның идеология боліміндегілер аудандық, облыстық газеттердің әр нөмірін үтір, нұктесіне дейін оқып қатты қадағалап өгіратын. Содан не керек, редакторымыз жауапты хатшыны, жауапты хатшы көзекшілерді қысады. Әбден ушығып, іс насырга шауып бара жатқан соң мұндағылар кешегі кезекшілікке Ш-ның ішіп келгендейтін, содан газетте қате кеткендігін мәлімдейді.



Ақыр соңында барып Ш-ның тәртібі редакциялық алқада, одан кәсіподақ комитетінде қаралады. Оның бұған дейін де бірнеше рет қате жібергендігі ескертіледі. Тіпті, «жұмыстан шығаруға!» деген қаулы қабылданады. Жұмыстан шығу оңай ма, жаны мұрнының үшінша тіреліп, әбден сасып не істерін білмеген Ш. сонда жиналған көпшіліктін, әріптерінің алдында тұрып:

– Күдай ақына, өз кінәмді мойындаймын, соңғы рет кешірімділік етіңіздер. – Кеше шынымды айтсам, осындағы Ф-мен кезекшілікке келмestен бұрын бір жартыны қылдай бөліп ішіп едік, – депті. «Сөз тапқанға қолқа жок, бұған дауа болmas», – деп отырғандар ду құлісіпті.



«ПЯТЬ И ДЕСЯТЬ» ЖЕТЕДІ

Осы газеттің суретшісі-ретушері болып секретариатта ұзак жылдар еңбек еткен Дулат Сапиխановтың аңғал да анқау мінезі әлі күнге есімізде.

Қысқы омыртқаның шағы. Сондай кеңшілік заманның бірінде түнгі отырыстан қалжырап, басы әңкі-тәңкі боп жұмысқа келген Дулат фототілші А.Диданның кабинетінің есігін қағып:

– Эй, Анатолий Петрович, «дай мне пожалуйста пятнадцать копеек», – дейді. Анау сезге келмestен әмиянын ашып, қолына бір уыс күміс ақшаны алып, аударыстырып-төңкерістіріп:

– Дулат Терликбаевич, к сожалению как сам видишь, есть пятерка и десятка, а пятнадцати копеек нету, – дейді жайбарақат. Сонда Дулат марқұм:

– Түң, ты как маленький, мне не обязательно пятнадцать копеек, а пять и десять хватит, – депті сыралық ақшаның табылғанына куанып.

ЖАЛҒЫЗДЫҚТАН САҚТАСЫН

Жаңада үйленген кезім. Бірде іргедегі Игіліктегі нағашылар қонаққа шақырды. Ертеде қайтыс болған туған шешемнің тәркіні – сол жақ. Әдейі сыйлап шақырган соң, бару керек. Содан ал кеп машина іздейін. Мұны редакцияда бірге істейтін Жомарт Оспановқа айтып көріп едім, обалы нешік, көне кетті. Ол кезде бензин дегенің арзан. Литрі – ескі ақшамен З-ақ сом. Тек машинаң қат. Оның үстіне Жөкен, Жомарт

агамыз – білдей бір бөлім менгерушісі, мен болсам қатардағы әдеби қызметкермін. Ертеңіне сенбі демалыс болғасын барап жерімізге жүріп кеттік. Айналасы 50 шақырым қашықтықтағы ауылға әп-сәтте жеттік. Алдымен нагашы апайым Тайбанікіне тұстік. Жалғыз ұлы – Қадырбек «жиен агай келді» деп қуанғаны ма, кім білсін, жымын-жымың етіп, жүгіріп жүр. Ол уақытта бойдақ. Көршілердің бірін шақырып, бата жасатып, қой сойғызды. Әлден мезгілде үстелге жайғастық. Мәуен шай құйып отыр. Мұның алдында хабар жетіп үлгерген бе, Есхан, Өтежан, Мұсылманбек, Мұнташ нагашылар да жұбайларын ертіп келген. Шэйдің сонынан етке отырдық.

Не керек, ертеңінде бізді нақ құдаларды күткендей кешегі нагашы ағайлардікінің бәрі дәм дайындал, кезекпен шақыра бастады. Мұндайды күтпеген басымыз, асқа да, ықыласқа да әбден тойдық. Қайтар мезгіл болған соң үйде қалған келіннің (Марина жеңгемізді айтады) сыбағасы деп, нагашы апам қобдитып, машинасына әлденендей түйіншекті салып жатқанын көзім шалып қалды.

Артынан Жомарт марқұм оңаша бір отырганда:

– Эй, Сайлау қарагым-ай, түгім жоқ, жасымнан жетім болып өстім, қолдаушым да, қоргаушым да жоқ деп жылауши едің. Кешегі нагашыларың өзімізді қандай құрметтеп, сыйлады, нақ райкомның, не обкомның хатшысынан кем күткен жоқ, – дегені бар еді. Қазір ойлап отырсаң, Қадырбек екеумізден басқасының (келіндерді айтпаганда) бәрі бұ дүниеден өтіп кетіпті. Құдайым-ай деймін іштей, құдайым тегінде жалғызықтан сактасын.

ҚОЛЫМДА БОЛМАСА ДА...

Мәтеп ағайдың, Мәтеп Өтештегі Бижановтың былтыр гана жарық көргең «Ақбұлақ» және «Көкжелке» қос кітабының «Тұсаукесері» өтіп жатқан. Партоократтық жүйеден қалған сценарий бойынша мінберге анау да, мынау да шығып, Мәкенді «проза мен поэзияны тәң менгерген» деп Сәбен мен Мұқана тенемесе де (Сәбит Мұқанов пен Мұхтар Әуезов) әйтеуір көвшік койып, біреулері иығына шапан жауып, енді біреулері конверттерін ұсынып дегендей өзді өзінше сый-сияптарын жасауда.

Әрі-беріден соң басқалардай ресми түрде сөз берілмесе де, қара шаңырақ – «Көкшетау» газетінің өкілі әрі жиынга қатысып отырған көптің бірі ретінде мен де ортага шығып ұстазым әрі әріптес ағам санайтын Мәкенді қаржының тапшылығынан ұзақ жылдар қобдишаның түбінде саргайып жатқан қос кітабының жарыққа шығуымен құттықтап, деніне саулық, өзіне творчестволық табыс тілеп, таяуда гана жанашыр ағайындардың қолдау-демеушілігімен баспадан жарық көрген «Бірқақпайлар» атты жинағымды ұсынып жатып, былай десен өкінмін:

«Қолымда болмаса да билік деген,
Қалтамда артық ауыз тыын-тебен.
Өкшенді басқан Сіздің іні ретінде,
Тойында кітапшамды сыйга берем».

ҮШ КҮН БОЙЫ КҮТКЕНІ-АЙ

Ойымда дәнене жок, жұмысқа келе жатқам,
жолшыбай көршімнің Қанат есімді баласы жолыға кетті.
Есен-саулық сұрасқанымыз сол еді, кенет әлгім бүкіл
денесі солқылдан кенқ-кенқ күлсін-ай кеп.

– Не болды, әй, – деймін оған таңырқай қарап. – Не
болды саган?! Қанатым күлкісін, тіпті онан сайын үдете
түседі.

– Ағай, ағай, – дейді ол, Сіз журналиссіз гой, анау
телестудиядагы А.-ны білесіз бе?! Соны айтам...

– Телестудияда істейтін бе?..

– Иә, иә, сол. Жуырда апам (апам деп тұрганы құдайы
көршіміз ұзак жылдар ұстаздық еткен Бибінұр Сыздықова
екенін сезе қойдым) 90 жасқа толды гой. Әлгі сол кісіден
оқынғы, №3 орга мектепке. Содан кездейсоқ көшеде
кездесе қалып, мән-жайды білген соң ол:

– Апай, апай, ертең жақсылап киініп дайын
отырыңыз. Операторды ертіп әкеліп, әдейілсп өзінізді
кинога түсіріп, арнайы хабар бергізем демей ме?!

– Иә,..

– Міне, содан бері үш күн өтті. Әлгі әлі жоқ. Әлде
ұмытып кетті ме, әлде басқадай шаруасы болды ма,
әйтеуір үш күннен бері апам азаннан тұрғаннан кешке
дейін өңшең тәуір деген киім-кешегін киіп, айнаға қарап,
шашын тарап, соны күтүмен отыр, – деген еді.

«ЖЫЛҚЫ ТАБЫЛАР-АУ, ҚЫЗДЫ АЙТСАҢШЫ»

Бірде қаладагы белгілікті, жасы үлкендеу
агайынның үйінде отырғамыз, – деді замандасты
Серік. Ермегіміз – жұмыстан кейін «на интерес»

шахмат ойнау. Одан бері де біраз уақыт өткен. Содан үй иесі – женгеміз шэй ішуге шакырды. «Аздан соң өзіміз де үйімізге барамыз гой, ауре болмаңыз» дегенімізге қарамады.

Не керек, отагасына деп әзірленген кешкі астан біз де қаужандасып жатырмыз. Арасында бір-екі рет рюмканың да сынғыры естілді.

– Қарагым, әлденеше рет көрсем де ұмытып қала берем. Қарттық жеңе бастағаны гой, тегі. Қалай, бала-шагаларың есейген шыгар өзі? – деді әлде мезетте женгеміз маган қарап. Ұлты татар болса да қазақшага сайрап түр.

– Құдайга шүкір, екі қызым түрмиста. Жиен-немерелеріміз де бар. Әйтсе де жалғыз ұлым әлі үйленген жоқ. Өзі 3-4 жыл ауданда істеген, қазір қалада. Жасы жеткен. Үйлен дейміз, болмайды.

– Қызы бар шыгар? – деп қалды женгеміз қарап отырмай.

– Бар болса бар шыгар, әйтеуір біреулер телефон шалып жатады, – дейді Серік. Елдегі балдыздарым, басқа да ағайындарым:

– Балаң үйленсе, қолдағымызды аямаймыз. Құдаларынды да шақырамыз, тойға деген жылқынды да тауып береміз деп жатыр. Тек балам әлі күнге сөзбүйдалап кібіртіктеп жүр, – демеймін бе ағымнан жарылып.

– Е, жылқы табылар-ау, бірақ қазіргі заманда жөні түзу, тәрбие көрген онған қыз жолықса, оның өзі бір бақыт емес пе! – деді женгеміз төтесінен. Айтқаны мірдің оғынданай тиді өзіме. Тегінде татардың тілі ашы келеді деген сөздің де жаны бар-ау деймін.

ӘБЕКЕНІҢ ӘЛЕГІ-АЙ!..

— Бәріміз де жұмыр басты пенде емеспіз бе, — дейді бірде жасы үлкендеу жерлес әрі атышулы ақын ағамызың бізбен өзара шүйіркелесіп отырганда. — Солай демекші, қаламның ұшымен күн көріп жүрген байгүс басымыз, анада жаңада шыққан кітабымның жиырматызың данасын қолында билігі бар ғой, күнде сұрап жатқан жоқпын, әйтеуір көмегін тигізер-ау деген үмітпен шалгайдығы аудандардың бірінде әкім болып істейтін Әбекен есімді жігітке жіберткенмін. Іштей есептеуімше, жалпы сомасы 25 мың теңгенің көлемінде болатын әлгі кітаптың күны.

— Содан, — дейді ол, бір ай өтті, үш ай өтті, тіпті жарты жыл өтті, о жақтан еш хабар естілмеді. Тіпті, болмагасын бірді-екілі рет өзім де әлгі әкімге телефон шалдым.

— Е, ағасы, саспаңыз, қалага бір жиынга барғанда әдейілеп өзінізге согам, ала баармын, — деп көңілімізді аулай салады ол. Арада тағы біраз уақыт өтті. Шетте оқитын бала бар, ара-арасында той-домалак, өлім-жітім дегендейін, күндердің күнінде қалтамыз қагылуға айналды. Осылайша басымыз дал болып, әңкі-тәңкі күйде жүргенімізде, со жаққа, сол ауданга журналист інілеріміздің бірі баратын болып, не керек содан бір жапырак қағазға:

«Демеймін көңіл саған бұрыс еді,

Өтінген азын-аулак жұмыс еді.

Әкім болып сөзінчен жиі тайдын,

Зам. әкім болған кезің дұрыс еді», — деп үшбу сәлем-хат жолдап жібермеймін бе?! Зам. әкім дегенім, ол сол ауданга әкім боп барғанга дейін мындағы жақын

аудандардың бірінде әкімнің орынбасары болып істеген.

– Ақыры қайтті? – дейміз Гой ағамызға.

– Ойбай, сұрама, манагы інішектің қолына үстатқан тілдей қағазды іштей оқып шығып, ішкесілесі қатып күлді-ай келіп дейді, әлгім мында келген соң. Іле бухгалтериядагылардың бірін шақыртып, құлагына әлдене деп сыйырладап, артынша-ақ конвертке салып әкелген бір бума ақшаны мынаның қолына үстатады емес пе.

– Сөйтіп әлгі әкімнен есемді осылай қайтарған едім, – деп ақжарқын ағамыздың мырс-мырс күлгесін-ай сондагы.

ОН МЫҢЫ АРТЫҚ ҚОЙ

Жылдагыдай Тәуелсіздік мерекесі қарсанында әуесқой сазгерлер мен кәсіпқой ақындар арасында азаттық үшін алысып, егемендікке қол жеткізген еліміз халқының өрлігі мен ерлігін әспеттейтін патриоттық әндерге республикалық бәйге жарияланғаны белгілі болатын. Атышулы осы додада біздің қаладан екі бірдей адам номинация жөнімпазы атанады.

Астанадагы «Конгресс-Холда» тәмам жұрттың алдында бас бәйгені ғеншілеген бұл екеуі елге қайткан соң, әннің текстін жазған ақкөңілділеу біреуі серпіл отырып:

– Жұз мың теңге жүлдені қайқайтып тұрып қолыма түсірген соң орталықтағы әмбебап дүкендердің біріне барып, тандап тұрып, өзіме ұнаган 50 мың теңгенін дубленкасын, айалыма 25 пе, жоқ 30 мың

тәнгенін бе норка шапкасын алып, 5-10 мың тенгені сондагы тілектес агайындарға жуып, қалған 20 мыңына үйдегі бала-шагаға оны-мұны ұсак-түйек сыйлық әперген болдым, – деп есіпті. Мұны манадан үн-тұнсіз тыңдал отырған күшкештеу Жәутік сонда:

– Ей, ей, Есаға, сіздің алған бәйге сыйакының бас-аяғы 100 мың теңге болса, мынауыңыздан соның он мың тенгесі асып кетті гой, – дегі бұған бажырая карап.

АЛЫСЫРАҚТАУ ОТЫРАЙЫН

Жұма күні еді. Соның алдында мындағы мекемелердің жарияланған бәйгесінің біріне легіп, кешкісін азын-аулақ атап жібергеніз. Қалған-құтқан тіске басар да, шишаның түбінде аздап ақаң да бартұғын.

Ойламаған жерден кабинетімізге таныс агайдың бірі кіріп келді. Тұскі тагамның алды болатын. Енді үйге қозғалмақ бол жатқан бізге әлгіміз:

– Кеше құрдастармен аздап ішіп қойып едік. Қалталарында бас жазатын бірдене жоқ па? – деді.

– Ойбу, агасы, кеше бізде шағындау болса да той тойлаган едік. – Обедтің алды гой, бір-екі рюмка тастап жіберініз, – дедік оның ойын түсінген өзіміз.

– Қайдам, күн жұма болған сон, мешітке бара жатыр ем. Ұңғайсыздау болмай ма, ішіп барғаным... Әрі-беріден сон:

– Эй, жарайды, Құдай тағала өзі кешірер. – Әзэр болса аят оқыған молдадан алысырактау отырармын. Кәне, құй арагынан, бар болса, – деп алғашқы құйған

рюмкадан біреуін тастап алды. Енді болар іс болды ғой деген оймен:

– Іренжімесеніз, екеу болсын. – Екіншісін де қалдырмаңыз, – деп тагы біреуін күйдүк. Әлгіге томсара қарап отырган ағамыз:

– Әй, бүгінгі жұма намазымыз қаза болды-ау деймін. – Ақаңнан екі рюмка тастап алған соң алысырақтау отырсақ та, жақындау отырсақ та мешітке барғанымыз енді үяттырақ болар, – деп аナンЫ да қагып салғаны бар.

«МЕН СОЛМЫН ҒОЙ»

Ата Заңымыз қабылданған мереке қарсаны-тұғын. Газетке сүйекті әрі лауазымды адамның атынан мақала қажет болған соң, әр ұйымға, әр мекемеге телефон шала бастамаймын ба? Осы жерде есіме облыстық әділет басқармасындағылар түсे кетіп, баяғы дағдымен марқұм Қайыргелді Сәрсекеевтің орнына отырган Ольга Николаевна Добычина ойыма сап ете қалмасы бар ма!

Қажет нөмірді терсем, ар жақтан биязы ер адамның дауысы естіледі. Бар білген орысшаммен айтатынымды айтып жатқам. Арасында «Раньше здесь сидела Ольга Николаевна!» – десем әлгім:

– Ол пенсиядағой, – дейді.

– Енді кімсіз? Бұрын Қайрекен барда, сіздегілер газетті де алдырып тұрушы еді. Мақала да жазатұғын. Осы себепті мерекелік нөмірге біреуініздің атынан сүбелі материал керек демеймін бе? Бізді сіздерде бұрыннан істеп жүрген Павел Станиславович та білуші елі, деп қоям тагы да.

САЛМАТ САУДАРСОНОВА

- Жарайды, Сәке, все будет сделано. Қазір қызметкерлерге тапсырма берем, сонсон хабарласыңыз, – дейді әлгі дауыс.
- Опрыай, сіз кімсіз? Танымадық кой, десем:
- Сәке, что не узнал, мен солмын гой, әлгінде айтқан Павел Станиславовичлін, қазір қазақша да үйреніп жүрмін, – дегенінде сасқанымнан, шалқамнан түсे жаздағаным бар.

«ЛЕНИННІҢ ТОМЫНА ШЕЙІН»

Кешелер дүниеден өткен Сәкен агай, Сәкен Хасенеев көзі тірісінде оңаша кездесе қалғанда маган қалжындал:

– Өзгені білмеймін, осы Сайлау, сен бар гой, өзіме риза шыгарсың. Неге дейсің гой, Торғайға қызметке ауысқан кезімде саған үш бөлмелік пәтерімді кілтімен қоса тастап кеттім бе, кеттім. Одан қалды редакциядагы бәлен жыл басқарған білдей бір – партия тұрмысы бөлімінің менгерушілігіне өзінді қалдырым ба, қалдырым. Нұркен женгендеген екеуміз бәлен жыл ұстаган темір кереуетті де өзіне қызып таstadtым ба, таstadtым. Ең аяғы деймін-ау, партшколда басыма жастап оқыған Лениннің қырық томдығына шейін төрінде қалдырып кеттім емес пе, – деп кеңк-кеңк құлетін.

Қазір ойлаймын, үй болса орнында тұр, партия дегенің құрыған, темір кереуетті балалар әлдекашан свалқага (коқыс төгетін жер) лактырып таstadtған, ал кезінде Құран сөзіндей жаттаған Лениннің көптомдықтары қайда екен өзі?!. Іздестірейінші...



АТАҢА НӘЛЕТ, КОРРУПЦИЯ!..

– Кезінде лауазымды ірі қызметтерде істеген көкелеріміздің біразы зейнеткерлік жасына жеткендерімен әлі де жылы креслода шалқаяқтап баяғы партия сарбаздарындаі ойқастап-қойқастап тойтандууларын қояр емес. Оларға әй дейтін эже, қой дейтін қожа тағы жоқ. Сонда бұл майшелпек қашанга дейін созылмақшы? – деп еді анада көршім кәдімгідей қынжылып.

– Оларды осы жылы креслога орналастырган-дардың өзі бұлардың тәлтіректеп әрен жұмыс істеген кешегі күнгі шәкірттері емес пе, «Бояушы бояушының көзін бояйды» деген сол, қарағым десек:

– Әйтіп бояғаны құрысын. Онанда кейінгі оқыган-тоқыганы мол жастарға орындарын босатып, үйлерінде немерелерін бағып, жай ғана тыныш отырмай ма өздері. Әйтпесе мынауың қазір бүкіл ел бол курес жүргізіп жатқан тұнып тұрган атана нәлет коррупция гой, коррупция!.. – деп еді сонда анау беті тутігіп.

НЕ ДЕГЕН МЫЙ, НЕ ДЕГЕН БАС!..

Сулекен марқұм, облыстық газет редакторының орынбасары, кейінірек жауапты хатшы бол істеген Сұлеймен Ақтаевтың айтам, түпнұсқадан тіке, сөзбе сөз тәржімалауга, диктовайт етуге асқан шебер еді. Газеттің со кездегі насиҳат және үгіт сияқты белді бөлімін қоса басқаратын ол ТАСС, АПН (телетайптан түсетін) орыс тіліндегі хабарларын, тіпті көлемді-көлемді теориялық материалдарды сол қалпында, сол

мазмұнда машинисткаларға еш бөлеусіз мұдірмей айтып шығатын.

Содан бума-бума бастыртып алған, материалдарын қобдыратып қолына ұстап, коридорға шыға бере:

— Мұншама дүниені, мұншама мақаланы орысшадан айнытпай аударып шығу дегенің қияметтің қияметі ғой. Соған жетіп тұрган мынау біздің бас не деген бас, не деген мый! — деп о тұста әліпті таяқ деп білмейтін жастау біздерге қарап екі езуі екі жаққа айырылардай бол, қарқ-қарқ күлетін.

Қазір кей уақытта компьютерде теретін қызекеліншектерге нөмірге баратын материалдарды апылғұптыл бастыртып жатқан әріптестерімді көрген сэтте тап өзімнің соларға: «не деген мый, не деген бас!» дегім келеді де тұрады.



«ОҚЫСЫН, ТЕГІ ОҚЫМАСЫН...»

Ойда-жокта көшеде әріптес інім Байқал Байәділов кездесе кетті. Өтірік пе, шын ба, әйтеуір елпелектеп:

– Ой ағасы, ассалаумагалейкум, – деп қайта-қайта қолымды қысып жатыр. – Көрмегелі көп айдың жүзі болды...

– Қазір қайдасың, немен айналысып жүрсін? – деймін гой баяғы. Әйтеуір мұның қалалық мәслихат депутаты екенін білетінмін.

– Эзірге жай қарап отырмайық деп, қала сыртында коттедж үй салып жатырыз, ага...

– Жарайды онда, жағдай жаман емес сықылды. Бас аман болсын дейік те тегі...

– Ал, ағасы, өзініз қалай, жуырда бір кітабының шықты деп еді, қайырлы болсын, – деді анау да жай тұрмай. – Өзі шынымды айтсам, ұмытып қалдым, нешінші кітабыңыз бұл?! Оның не оймен астарлап тұрғанын қайдам, мен де ерегісіп:

– «Деген екенге» өзім де бірер жазып-сызгандарымды берермін, қаражат жағынан да қысылмаңыз, ептеп комек жасаймыз дегенің қайда? – деп оның өзіне дүрсе коя бердім. – Ал, әлгі сұрагыңызға келсек, жұрт оқысын, оқымасын әйтеуір, аздаған таралыммен шатып-бұтып жазғанымызды жинақ етіп шыгарып жатқанымыз рас, – дедім мен де қисық сөйлеп. Әйтпесе, былайғы ағайын «жұртқа бере алмайды, өзгені көре алмайды» дегендей, оны-мұны шатпақтарын кітап қылып⁷ шыгарып, сатып байып жатыр бұлар деп сыртымыздан өсектейтіндіктерін қайтерсін.



– Міне, енді дұрысын айттыңыз, Сәке, әкелші қолынызды, – деп Байқал бір мырс етіп, қүректей алақанымен менің қолымды тағы қысты.

«ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚҚАНДЫ ҚЫЗМЕТКЕ АЛМАЙМЫЗ»

Рамазан Баяқулы өз түсінігімше, қуақы жігіт. Дыбырлап сейлеп, өтірік-шынды әлденені айтып, еріксіз құлдіретіні де бар. Кезінде облыстық радио хабарларын тарату мекемесінде қызмет істеген. Қашан көрсөн далбұн-дұлбың шапқылап жүргені. Кейінірек кездескенімізде облыс жабылған уақытта қаладағы №21 орта мектепте қазақ тілінен сабак беретіндігін айтқан. Артынан тәуелсіз «Бұқпа» газетіне тілші болып, орналасқанын да білетінмін.

Анада күн құрғатпай болып жататын жиналыстардың бірінде тағы кездесе кеттік. Ана-мынаны сөз етіп, бір-бірімізден қазіргі жағдайымызды сұрастырып қоямыз баяғы. «Әне бір қыздарыңыз облыстық газетке ауысып келіпті гой. Енді кіммен жұмыс істеп жатырсындар?» – десек:

– Ойбай, кісі жетеді, – дейді тағы да дыбырлап. – Мүйізі қарагайдай Мәкең (Мәтен Бижанов), одан қалды Төкен (Төлеген Қажыбай) отыр. Ол аз десеніз, Жұмашке (Бұркітбаев) мен Айсұлу (Құлманбетова), қала берді мына мен, Рымгұл Оразбекқызы деген апамыз бар.

– Алдыңғы екеуінің жасы жетті гой, – деймін менде жорта. – Әйтеуір қазір зейнетке шыққандардың өздері де денсаулықтары бар болғандықтан білем, хал-қадерлерінше жұмыс істеп жүр гой. Егер зейнетке

аман-сау біздер де жетсек, сендерге қызметке келетін шығармыз...

Рамазан осы арада мырс етті.

– Өзгелерін білмеймін, Мәкен маган тырп етпе деді. Алда-жалда денсаулық сыр бере бастаса, өзінді редакторлық креслога отыргызып кетем, дайындала бер, – деді деп қарап тұр. Қараймын, беті бұлк еткен жоқ. Шыны ма, өтірігі ме, тағы сенбеймін өзіне.

– Е, тіпті жақсы болды гой ендеши. Сен редактор болсан, бізді де далага тастамассың. Мемлекеттік газетте көп істеуге рұқсат жоқ қой, – десем, Рамазан көзін жыптылықтатып:

– Ойбай Сәке, іренжіменіз, егер жағдай дәл солай болатұғын болса, ол кезде біз зейнетке шыққандарды қызметке алмаймыз, – деп аузынан қаққаны бар-тын.

Таяуда облыстық «Арқа ажары» газетінің редакциясы, бәріміз бір гимараттың ішінде болғандықтан төменгі қабатқа түссем, дагарадай кабинеттердің бірінде алдындағы компьютерге шұқшиып Рамазаным, кәдімгі «Бұқпадагы» Тілеуов отыр.

– Өй, сен қайдан жүрсін мында, десем:

– Осында жұмысқа ауысқам, – дейді жымышп. – Анда жағдай болмай кетті. 3-4 айлап жалақымыз қолға тимеуге айналды. Кредит бар, анау-мынау күнкөріс қындалап кеткен соң амалсыздан осында келдік.

– Әй, анада редакторлыққа дайындалып жүрмін дегенің қайда? Зейнетке шыққандарды қызметке алмаймыз дегенің қайда?

– Өй Сәке, қайдагыны айтпаңызшы осы!؟ Зейнетке шығатындарды әжуалаганша, зейнетке өзіміз дұрыс шығып алайық әуелі, – деп Рамазаным компьютеріне тағы шұқшиды...

«ОЙБАЙ, КӨЖЕК, ҚАЙ БЕТТЕ!..»

Жастау кезіміз. Газет жұмысына әбден көзіміз қанығып, етіміз үйреніп қалған шақ. Әйткенмен кейбір «грамотейлер» аптасына 5 рет шығатын газеттің әр нөмірін ежелеп оқып, бір қате тапса, шешесі ұл тапқаннан жаман, оны да дабыралап, жалпақ жүртқа жаятын. Жайғаны сол, жіберілген кате үшін ол уақытта сол құнгі нөмірді шығарған корректордан бастап, қырагы көз, кезекші редакторға шейін талқыға түсіп, сөгіс алып, не кезекті сыйакыдан қағылатын.

Сондай құндердің бірінде жай журмей коридорда кездесе кеткен корректорымыз Орынбасар Төкеновага:

– Апай, мен айтты деменіз, бүгінгі нөмірде тағы бір өрескел қате кетіпті! – демесім бар ма? Онсыз да жайшылықта дегбірі қашып жүретін Орекен көзі жыпылық-жыпылық етіл:

– Ойбай көжек, қай бетте, қай жерде? – деп бір орнында тұра алмай, шыж-быж етіп өзіме дүрсе қоя берді. Сасқан басым:

– Жә, қорықпай-ак қойыныз. Ойнап айттым, – десем, әлгім:

– Қойши сен де, солай да ойнауга бола ма еken. Жүргегім жаңа орнына түсті-ау, – деп бүгжиіп бұрышқа отыра кетті.

БҰ НЕ ДЕГЕН ЖҮРІС

Анадагы қанқу сөз шындыққа айналып, ақыры біздің қалалық «Көкшетау» газеті облыстық басылым – «Арқа ажарымен» қосылып тынды. Көнілге демеу етерлігіміз, айлығымызды, тіпті атаулы мерекелерде

Сыйақымызды уақытылы алатын болдық. Бөлмелерге жөндеу жүргізіліп, есқі-құсқы жалюздерге дейін жаңартылды. Музей үйін де жабдықтаудамыз. Бөлме іші қапырық болғасын желдеткіш кондиционерге дейін қойылды. Өзіміз болсақ, олар бәз баяғы қалпымен сол облыстық, ал «Көкшетау» қалалық газет ретінде әлі күнге шығып жатыр. Бірақ бұрынғыдай емес, ұшқалаң жиын, кезектен тыс мәжілістер кейінгі кезде бірлесіп өткізіледі. Онда қолына қalam ұстаган ағайындардың басы қосылғасын мақтаумен бірге сын айтылмай, бірді-бірге мін айтылмай тұрмайды гой. Әсіресе соңғы «планеркаларда» «ана мәселе қамтылмай жатыр, мына проблема қозғаусыз жатыр» іспетті сынни сөздер тілге көбірек арқау болып, күнбе-күн етене араласып, құраласып жүрген әріптестеріміздің бұлары несі еken, ал керісінше бізде запасқа берілген материалдардың кейбіреуі айлап, жылдап шықпай қалады десіп қынжылатынымыз бар-тын. Жұмыста кемшілік болса, өздерінде онаша неге талқыламайды? деп те ойлайтынбыз.

Сейте тұра күнделікті «ұшқалаң жиын» бітісімен астыңғы қабаттағы көршілеріміз манагы айтыстартыстан көңілдеріне кіrbің де алмастан дәнене болмагандай, ештеңе біліп, естімегендей арқа-жарқа бол, бәрі шеткі бөлмеде жиналып, сатып әкелген қарбыздан жеп, не ауыл-ауылдан жеткізілген қымыздан ішіп мәре-сәре бол жатқандарын көргенімізде таң қалатынбыз. Содан күндердің күнінде жай тұрмай, жауапты хатшының орынбасары Асылайға былай деп әзілдегенім бар:

Бұң не деген жүріс,
Өнбей тұр-ау жұмыс.
Ішетіндерің қымыз,
Жейтіндерің қарбыз.

Асылай да, оның қасындағы Дәуренбек те ләм деген жоқ. Тек жымысты да қойды. Тегінде менің түпкі ойыммен не айтпақ болғанымды олар да іштей сезді-ау деймін.

КЕЛЕСІ ЖҰМАДА ҚАТЫРАМ

Тағдырдың мәндайға жазуы ма, әлдекімге ісің түссе, соған тәуелді болады екенсің. Зейнет жасына жақындал қалғаннан кейін қырық жылғы жазған-сызғанымды жинақтап, осындағы баспалардың бірінен кезекті кітабымды шығарған ем. Тараптың онсыз да аз болған соң, бәрін көлденең жұртқа тегіннен тегін бере алмайсың гой. Оның үстіне қазіргі қаржы дағдарысы ол қосылып, кредитің бар, коммуналкаң бар, пенде болған соң өлім-жітім, той-домалақсыз тағы отыра алмайсың. Әйтеуір қу тірліктің әлегімен әңкі-тәңкі қүй кешіп жүргеніміз ол рас.

Осы арада айтайын дегенім, соңғы бір кітабымда лауазымды қызметте істейтін ініміздің марқұм боп кеткен экесі жөнінде материалымды кіргізген едім. Содан әлгінде айтқанымдай, пендеміз гой, қолында әйтеуір билігі бар деп оған оншакты кітабымды ұстатаңып, ойнаган боп, байгазысы деп бірдене берерсің дегем. Ол құлген де қалған. «Жарайды ағасы, бір жұмадан кейін қатырам, өзім хабарласамын» деген.



Жазған басым, әрі ақшадан қысылып жүрген соң оған телефон шалмаймын ба?!

— Тұсіндім ағасы, қазір қолымда пұл болмай түр, келесі жұмада объязательно қатырам, деді ол. Арада бір жұма да өтті. Хабар болмады. Содан ана жиында, мына жиында әлгі інімді көрген сайын, өзімде қысылған болам, ол да қысылған болады. Әйттеір иығымнан қагып:

— Ағасы, айттым гой, келесі жұмада қатырам, — дейді саспай. Қашан қатыратынын Құдай білсін, міне содан бері екі жыл өтіп, үшінші жылға аяқ басты. Кімді кім қатыратынын енді ойластырымасақ болмас деймін.

«ҚЫРАТТАУ ЖЕРГЕ ҚОЙДЫРАМЫЗ»

Анада атагы жер жаардай Төкен, Төлеген Қажыбай ұзақ сырқаттан кейін қайтыс болды гой. Ол кісінің есімін бүкіл ел білетін, жазғандарын осы төніректегі халық сүйіп оқитын. Жазушы, ақын әрі драматург Төлеген ағамыз екеуміз бір елдікі, жерлес болатынбыз. Не айтса да алдынан шықпауга тырысатынбыз. Әлдендей оқыс міnez танытып, дауыс көтеріп ұрса бастаса, үндемей құтылатынбыз. Мұның өзі – қорыққандық емес, жас жагынан үлкен болған соң сыйлайтынбыз, күрметтейтінбіз.

Сейткен Төкен тірісінде: «Алда-жалда ажал жетіп о дүниеге аттанар болсак, топырақ елден бүйышса екен», деп тілек ететін. Әйткенмен, Құдай тағала өзі кешірсін, әр пенденің айтқан сөзі, ойлаған ойы орындала қойған ба?! Актық демі бітіп, кезі жұмылған ағамыздың бұ дүниеден өткені жайлы сүйт

хабарды естіген жогарыда отырған шенеуніктер көніл білдіруге келіп, Төкенің әлгі аманатын құлактары шалған соң:

– Бір жағынан оның айтқаны дұрыс та шығар. Бірақ, Төкен анау-мынау кісі емес қой, алыстан-жақыннан ат арытып келгендердің бәрі басына барып, тәу етуі үшін осыдан 70-80 шақырымдай жердегі туган ауылы – Қарагашқа құздің лайсаң шагында, қыстың қақаған сұығында барып қайтуы оңайға соқпасы анық. Сондықтан, Көкшетау қаласының құрметті азаматы, есімі жалпақ жүртқа, дүйім елге белгілі жан ретінде мына орталықтагы мұсылмандар зиратына қойғандарының жөн сияқты, – деп емеурін танытады мұндагылар.

Ақыры олардың айтқаны болып, Төкен қаланың шеткери жағындағы қаракөз агайындар жатқан зираттың қақ төрінен орын алды. Сонда ажалға сабыр берсін дейік:

– Ойпырау, ел сыйлаган, жүрт құрметтеген Төкенді туган жерге апарып қояды ғой деп жүрсем, енді мына қатардағы көптің бірі ретінде біз байғусты өле қалсақ сүйрелетпей сондагы шеткеріректеудегі сары топырақ басқан саздасындау жеріге көмө салаңдау, – деп ойымдагыны білдіріп, сарыуайымга беріліп тұрсам, қасымдагы әріптес інілеріміздің бірі мырс етіп:

– Сәке деймін, текке уайымдал, саспаңызы, Сізді бар ғой әдейілеп ондагы өзге жүрттан оқшауырактау қыраттау жердің біріне қойдырамыз, – демесі бар ма?!



«ОНДАЙ-МҰНДАЙ БОЛМАЙ ТҰРҒАНДА»

Сол жолы, Төкенді мәңгілік орнына қондырып, зират басынан қайтып келе жатқанда желдей есіп, жүйткіген женіл машинада өзіме тақау қалғып-шүлгіп отырган ауылдасым Алтай агага, жасы бүгінде 85-інді жагалап қалған Алтай Нұрғасымұлына ойынды-шыны аралас:

— Көрдіңіз гой, — дедім, Төкенді елдің бәрі сыйлайтындығын. — Тілті, жаназасының өзіне бүкіл елді жайлабан атың өшкір, коронавирустың өршіп тұргандығына қарамастан әйел-еркегі бар ұзын саны мыңға жуық адам жиналды емес пе. Оның үстіне қаланың құрметті азаматы есебінде, мұрдесі арнайы бөлінген оқшаулау тұстагы жер қойнына тапсырылды. Осы арада кезінде мені де газеттің мерейтойына орай бұл атақта ұсынғандығы, бірақ ара ағайындардың таласқа түсіп, солардың иеленіп кеткендігі ойыма орала кетті. Сол себепті көңілінізге келмесін ағажан, жасыңыз болса әжептәуірге келді, ажал деген тажалың сен жақсысың ба жамансың ба, адам талғамайды гой, ондай-мұнданай болмай тұрганда не десеніз де жогарыдағы шенеуніктердің алдын ала аузын алып, өзгелердей «құрметті азамат» атағын қол-аяқ бүтінде иеленіп қалыңыз. Тап сонда жиналған қалың ел Сізді де осылайша үлкен құрметпен аттандыратындығына сенімдімін, — дедім іштегі ойымды жасырмай.

— Э, солай ма өзі, қарастарым, — деді Алтай ағамыз әлі қоюға оншалықты мән бермей, қайта-қайта көзің жыпшылқтатып. — Шыныменде тап сендердің осы айтқандарың орынды. Өзім болсам, облсельхозда ардагерлер кенесін басқарып жүрмін гой. Соны пайдаланып қалайын. Тегінде бұл атакты анаган да, мынаган да



бергіздіріп жатыр ғой. Өтірігі, жок, осыдан бірер жыл бұрын өзі фронтовик (майдангер дегені), өзі әр лауазымда қызмет істеген, жасы 90-нан асқан бірге туган Бұркітбай Қөшпаев ағага да кезінде әлгі айтқандарыңың сонынан қалмай журіп сол атагы құргырды әзер дегендегенде әпергіздіргеміз. Бүтін проблема тап сонда болып тұрса бар ғой, шыныменде бұл істі кешеуілдетпей қолга алу керек екен...

Содан бері біраз уақыт өтті. Алтай агадан да, өзге ағайыннан да еш хабар-ошар жок. Әйтеуір жамандықтың бетін аулак қылсын әрі жер басып, тірі жүргенге не жетсін, сол атақтың қажеті бар ма, жок па, өзі!? Қане, ойласайықшы?!

СӨЗСТАННЫҢ САРДАРЫ (Байқалдың айтқаны)

Жазатын жалынды жыр, мөлдір өлең,
Аңсаган биіктікті, өрді кілең.
Туган ел Қарагашты ойлаганда
Сағыныштан ет жүрегі елжіреген.
Жүрегі жетпісінде ән тереді,
Шабыт қой қаламгерге ең керегі.
Жақан атам баяғы жазып кеткен
Қарагаштың бүтінгі бәйтерегі.
Сатирасы семсердей жарқылдаған,
Лирикасы самалдай аңқылдаған.
Бір басында: жеті өнер, жетпіс өнер
Ән салса қоныр дауыс қанқылдаған.
Айтатын актарылып халқына сыр,
Көңілі дариядай шалқып тасыр.
Куаты қаламының еш сарқылмай
Сейлеген елдің сөзін жарты ғасыр!..

МАЗМУНЫ

Мактаганды кім жек көрген?!	3 бет
Адам азып, заман тозып...	4 бет
Өзімізді де ескерейік	5 бет
«Халқым біледі»	6 бет
Байтаулы ит	6 бет
«Под процент аламыз...»	7 бет
Батага деп 5 мың теңге	8 бет
Асаба болсам қайтеді?	9 бет
Шешенстанга барып өлеірім жоқ	9 бет
«Тоңып қалды-ау!..»	10 бет
«Несіне қапалаңасыз»	11 бет
Байқалмен қайым айтыстал	12 бет
«Көрде жатып қызғанбаймын ба?»	15 бет
Гүрілдеп, дірілдеп	16 бет
«Агарғаныңнан көрініл тұр»	16 бет
«Бір көз жетеді»	17 бет
Фамилияныңды сыйып тастаймын	18 бет
Сексенте келгенде секіріп	19 бет
Түсे бастасан сабайды	20 бет
Дачасы да, Сашасы да!..	22 бет
Сауалына – жауабы	23 бет
«Келіп бір қуантсан, кетіп бір қуант»	23 бет
Қолдаушың, қорғаушың болмаса	25 бет
Атың кім еді?	25 бет
Халден бұрын...	27 бет
«Қайда барсан, Данкай?»	27 бет
«Черная касса»	28 бет
«Коханныйдың палкасы еді»	29 бет
Балқиялармен, Балшекерлермен...	31 бет
Саган емес, маган шығар	32 бет
Үш ағаш та жетеді	33 бет
Аюдай ақырган	34 бет
Аллергиям ұстайды	35 бет
Ішпегенде былай айтасың	36 бет
Қыстығуні түгілі	36 бет
Макта мейлі, мактама мейлі	37 бет

«Әкем өліп, онды болды»	38 бет
Жазғыш «жазушы»	38 бет
Шашымызды ағартты	40 бет
Мін такпай...	40 бет
Әзілге әзіл	41 бет
«Онда кезекші болып кет»	42 бет
«Тірілеріміз қайтпекпіз?»	43 бет
«Қара суга түсіп»	44 бет
Жиырма үш жыл емес,..	44 бет
Үшінші болып өлерім жок	45 бет
«Ойнама, ағанмен»	47 бет
Иттің нәжісі,..	48 бет
Қазақтықі күн көру	50 бет
«Аты жоқтар» өліп бітпей	51 бет
Әй, сондагы қорыққанымызың-ай!	53 бет
Тегі, сез астарын түсінгені-ау!	54 бет
«Айтып сөз де, ұрып таяқ та...»	56 бет
Ағармак түгілі	58 бет
Өліп бітпей...	58 бет
Ішің күйсе	59 бет
Колың еді қой бағу	59 бет
«Аналар күнін көрер-ау, басқасы қайтпек?»	60 бет
Былқылдатып, сылқылдатып	60 бет
«Кезілдірігім калып қойылты»	61 бет
Қайран, шіркін қалпак!..	62 бет
Ұмытшактық-ай!..	63 бет
«Өйбу, қойып қойылпын гой!..»	63 бет
Тақырып коюдың әлегі	64 бет
«Таудың бұлагынан»	65 бет
Ұтымды жауап	65 бет
«Взятканың» түрі	66 бет
Күлінудің сыры	67 бет
«Кончай, Бәленшекеев»	68 бет
«Қылдай бөліп іштің»	69 бет
«Пять и десять» жетеді	71 бет
Жалғыздықтан сактасын	71 бет
Қолымда болмаса да...	73 бет
Үш күн бойы күткені-ай	74 бет

«Жылқы табылар-ау, қындағы штепшиңы»	74 бет
Әбекенің әлегі-ай!.....	76 бет
Он мыны артық қой	77 бет
Алышырақтау отыраймы	78 бет
«Мен солмын гой»	79 бет
«Лениннің томының штепшиңы»	80 бет
Атаңа нәзет, коррупция!..	81 бет
Нс деген мый, нс деген бас!	81 бет
«Оқысын, тегі оқымасын...»	83 бет
«Зейнетке шыққанды кызметке алмаймыз»	84 бет
«Ойбай, көжек, қай бетте!..»	86 бет
Бұ не деген жүріс	86 бет
Келесі жұмада қатырам	88 бет
«Қыраттау жерге қойдырамыз»	89 бет
«Ондай-мұндаі болмай тұрганда»	91 бет

Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ

Қаламдастар қалжыңы

Редактор – автор.

Тех. редактор – Гүлжиян Сейілханқызы.

Корректор – автор.

Басуга 20.09.2021 ж. қол койылды.

Пішімі 60x84/16. Шартты баспа табағы 5,6

Таралымы 75 дана. Тапсырыс № 862



**Жеке көсіпкер Н.Ф.Устюгова
«Мир печати» баспаханасында басылды
020000 Көкшетау к., Б.Әшімов көшесі, 230 үй,
Тел. 87162 32 62 26**

ӨМІРДЕРЕК



Сайлау Көшкенұлы 1947 жылғы 3 ақпанда бұрынғы Көкшетау облысы Чкалов ауданындағы (қазіргі СҚО, Тайынша ауданы) Қарағаш ауылында туған. 1965 жылы Чкалов селосындағы орта мектепті тәмамдаған соң С.Көшкенұлы туған ауылында бір жылдай жұмыс істеп, 1966 жылы күзде Алматыдағы Қазақтың Әл Фараби атындағы Ұлттық Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түсіп, сол жылы облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің редакциясына аудармашытілші болып қызметке орналасады.

Көкшетау қаласы өз территориясындағы аудандармен қоса Солтүстік Қазақстан облысына қосылғанда ол екі жылдай тілшілер қосынында жұмыс

істеп, Көкшө өнірінен өз материалдарын жіберіп тұрды. Сонынан қалалық «Көкшетау» газетіне қызметке ауысты. Қашан зейнет-керлікке шыққанша редактордың орынбасары, әдеби редактор лауазымында қызмет істеді. 1996 жылы Сайлау Көшкенұлы «Өмірдің аңы шындығы» деректі публицистикалық мақалалар жинағы мен «Көүіктің өкініші» атты жалпы отызға жуық кітабын жеке баспаханадан шығарды. Алғашқы деректі кітабы үшін Қазақстан Журналистер одағы Көкшетау облыстық бөлімшесінің Ж.Мусин атындағы сыйлығының лауреаты атанды. Ол Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның құрметті журналисі.

Үйленген, екі қызы мен ұлы, немерелері бар.